



Қайрат ҚОЖАМЖАРОВ, Парламент Сенатының депутаты:

«ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН СОТТАЛҒАНДАРҒА КЕШІРІМ ЖОҚ»

5-бет

ЗАН

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№17 (3445) 1 наурыз 2022

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



АЛҚА

«ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ» МҰҚИЯТ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Бас прокуратураның кеңейтілген алқа отырысында қаңтар оқиғасы бойынша қылмыстық процестегі азаматтардың конституциялық құқығын сақтау мәселелері талқыланды. Оның жұмысына Бас прокурордың міндетін атқарушы Берік Асыллов, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Өзімова мен Республикалық адвокаттар алқасы төрағасының орынбасары Игорь Вранчев, сондай-ақ, құқық қорғау және арнайы орган басшылары қатысты.

Іс-шараны ашқан Б.Асыллов Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қайғылы оқиғаның себептері мұқият тергеп-тексеріліп жатқанын атап өтті. «Қазір біз бейбіт митингілерді әртүрлі күштердің пайдаланғанын нақты білеміз. Ұйымдастырушылар деструктивті және қылмыстық топтарды тартып, қаруландырып, олардың өрекеттерін үйлестірген. Тәртіпсіздіктер азаматтарға қарсы зорлық-зомбылықпен, қиратумен және тонаумен қатар жүрген. Олардың мақсаты – халықты қорқытып, биліктің жұмысына тосқауыл қою болған», – деді Б.Асыллов.

Бас прокуратураның қылмыстық қудалау қызметінің бастығы Серік Шалабаев өз кезегінде: «Жаппай тәртіпсіздіктер кезінде және одан кейін ұсталған тұлғалардың құқығының сақталуын Бас прокуратура ерекше бақылауда. Бүгінгі таңда азаптау және қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану бойынша 203 қылмыстық іс қозғалған, олардың ішіндегі ең резонанстыларын арнайы прокурорлар тергеуде. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында ұсталғандарға қатысты заңсыз тергеу әдістерін қолданды деген күдікпен 9 қызметкер анықталып, ұсталды», – деп атап өтті.

С.Шалабаевтың айтуынша, қаңтардағы қайғылы оқиғаның нәтижесінде тергеу-жедел топтары терроризм актілері, кісі өлтіру, қару ұрлау және жаппай тәртіпсіздіктер бойынша 3502 қылмыстық істі тергеуде. Бүгінде 737 күдікті тергеу изоляторында қамауда. Сондай-ақ, бұлтартпау шарасын өзгертумен 307 адам, оның ішінде 27 жасөспірімнің босатылғанын, одан басқа екі жасөспірім қамауда қалғанын айтты. Бұлтартпау шарасын өзгерту туралы арнайы прокурорлардан тағы 22 адамға қатысты материал түскен.

«Қаңтар оқиғасына қатысты істер бойынша 1,5 мыңға жуық оқиға орнын қарау жүргізілді, 1500-ден астам сот-медициналық сараптама тағайындалып, жүргізілуде. Прокуратура органдарына тергеудің заңсыз әдістері мен азаптауды қолдану туралы 283 арыз түсті. Оған кінәлі құқық қорғау органдарының қызметкерлері заң алдында қатаң жауапқа тартылатын болады», – деді С.Шалабаев.

Қадағалау органы барлық жағдайда даусыз дәлелдерге негізделген объективті және бейтарап баға беріліп, азаматтардың конституциялық құқығына қолсұғылмаушылық қамтамасыз етілетініне сендірді.

Жиын соңында, Берік Асыллов Конституцияға сәйкес мемлекеттің ең жоғары құндылығы адам және оның өмірі, құқығы мен бостандығы екенін атап өтті.

Прокурорлар тергеу изоляторлары мен басқа да қызметтік үй-жайларды күн сайын, оның ішінде түнгі уақытта және демалыс күндері де тексеруді жалғастырады.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БІР КҮНГІ ҰРЫСТЫҢ ҚЫРЫҚ КҮНДІК КЕСІРІ БАР



«Бір күнгі ұрыстың қырық күндік кесірі бар» дегендей, Ресейдің Украинаға шабуылы елдің тыныштығын бұзып қана қоймай, оның экономикасы үшін де үлкен соққы болуда. Қазіргі таңда Ресей банктері мен компанияларына Ұлыбритания, АҚШ тарапынан санкциялар салынып жатыр. Мәселен, ВТБ, «Сбер», «Открытие» және Совкомбат сынды ірі банктер америкалық санкцияларға ұшырауда. Ал, «Аэрофлот» деген ірі әуекомпания Ұлыбританияның айыппұлдын мойнына ілді. Соғыс әрекеттері биржа мен рубльдің құлдырауына алып келді. Осының салдарынан Ресейдің бай бизнесмендері бірнеше тәулік ішінде миллиардтаған долларын жоғалтты. Forbes рейтингі бойынша Volga Group басшысы Геннадий Тимченконың байлығы 3,1 млрд долларға, «Новатэк» компаниясының басшысы Леонид Михельсонның байлығы 3,2 млрд долларға, «Лукойл» компаниясының президенті Вагит Алекперовтың байлығы 3,3 млрд долларға азайыпты.

(Жалғасы 3-бетте)

АЙМАҚ

ЖЕТІСУДЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

«Jetisy Media» атты Талдықорғандағы журналистер үйінде өткен жиын жылдағыдан ерекше. Алматы облысы әкімі Қанат Бозымбаевтың «Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы» тақырыбындағы есеп беру брифингі екі бөлімнен тұрды. Облыс әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, Алматы облысында 2022 жылғы қаңтарда қысқа мерзімді экономикалық индикатор 103,1% құрады. Өнеркәсіпте 101,5 млрд теңгенің өнімі өндірілсе, ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі 32,1 млрд теңгеге жеткен.

Ауыл шаруашылығында жалпы өнім көлемі былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 102,5% артып, 32,1 млрд теңгеге жеткен. 33,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыс экономикасын өркендетуге 14,7 млрд теңге тартылды. Экономиканың барлық салаларында 727 жұмыс орны ашылса, соның 321-і тұрақты жұмыс орны. Дерекке дәйектеме келтірсек, барлық салада өсім бар әрі ауқымды. Бұл өткенді айтумен шектелу, иә болмаса сызып тастау емес. Қайта жаңа басшы

және оның командасының жұмысынан соны серпін мен тың леп ескенін аңғартады. Қытай дәлізі арқылы әлемдік экономикаға жарқын жол ашу қадамдарын облыс басшысы нық сеніммен айтты. Біріншіден, Жетісудың географиялық орналасуы ыңғайлылығы туғызған мол мүмкіндікті пайдалануға ұмтылу.

Тағы бір мәселе таяуда ғана Қорғас кедені арқылы екі ел арасындағы алу-сату мәліметтерінің екі түрлі екені айтылып, құзырлы органдар та-

рапынан тексерулер жүргізілетіні мәлімделді. Үшіншіден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күшеймек. Көлік-логистика саласында ірі халықаралық қатысушыларды тарта отырып экспорттық, импорттық бағытта ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспарланғаны да көп жайды аңғартады. Мысалы, «DAR RAIL Infrastructure» компаниясының Достық станциясында құны 25 млрд теңге болатын жүк тиеу терминалының құрылысын жүргізу үшін 150 жұмыс орны ашылады. Бұл жоба бойынша Қазақстан-Қытай шекарасы арқылы жылына 9 млн тоннаға дейін жүк таситын 300 мың контейнерді тиеу, сақтау және қоймалау көзделіпті. Бұл халықаралық талапқа сай жүк тасымалдаушыларды қатыстыра жүріп терминалдардың қуатын еселеп арттырады және транзиттік әлеуетті өңірде ғана емес, жалпы ел аумағында да дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан өңір басшылығы бұл қадамда да сауаттылық әрі заңнама шеңберінде әрекет етуге жол ашар деген сенім бар.

(Соңы 3-бетте)

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

КӨП АЛҒЫСЫ КӨГЕРТЕР

2016 жылдан бастап елімізде 1 наурыз – «Алғыс айту күні» болып белгіленді. Бұл күн ел арасында тыныштық пен үндестік, өзара сенім мен құрметтің орнығуына негіз қалады. Алғашқы кезде мереке тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымының белгісі ретінде айқындалғаны белгілі. Кейіннен көпшілік көңілінен шыққан бұл мереке жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Азаматтар бұл күні айналасына, жақындарына ризашылығын білдіруді жақсы дәстүрге айналдырды. Ігі мерекенің маңызы жылдан жылға артуда. Осы мақсатта ұйымдастырылатын шаралар да ауқымды. Бұдан ешбір мекеме шет қалмаған.

(Соңы 2-бетте)


СОТ СӨЙЛЕСІН

СЕНІМ – ҚАЗЫЛАР ҮШІН БАСТЫ ШАРТ

Сот жүйесінде тың бастамалардың бастауы болған судьялардың әр сьезінің орны бөлек. Мәселен, 2001 жылы өткен үшінші сьезде мамандандырылған соттар жүйесін құру міндеті қойылды. Аталған міндет сәтті жүзеге асырылып, соттарды мамандандыру өз өміршеңдігін көрсетті.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі соттарды құру да сол ізденістің жемісі. Бұрын сотта құқық бұзушылықтың 54 құрамы бойынша істер қаралса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс қабылданғаннан кейін сот құзырына 228 құрам қосылды. Бұл осы категориядағы істер санының 422 пайызға ұлғаюына түрткі болды. Санаулы уақыттың ішінде мұндай мамандандырылған соттардың бой көтеруі аудандық соттардың шектен тыс жүктемесін азайтып, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсартуға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 2-тарауында заңнаманың өзіне тән міндеттері мен қағидаттары айқындалған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Атап айтсақ: заңдылық, заң мен сот алдындағы теңдік, кінәсіздік презумпциясы, кінә қағидаты, әкімшілік жауаптылыққа қайта тартуға жол бермеу, ізгілік қағидаты, жеке басқа қол сұғылмаушылық, жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетің құрметтеу, меншікке қол сұғылмаушылық, әкімшілік құқық бұзушылық



туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген соттың және органның тәуелсіздігі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің жариялылығы, процесстік шешімдерге дау айту және процесстік әрекеттерге шағым жасау еркіндігі, адамның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғау және т.б.

Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында 2021 жылдың 12 айында 4975 тұлғаға қатысты 4975 (2020 ж – 4519) іс қаралды, яғни, 456 іске көбейген. Өңірде ең көп қаралған әкімшілік құқық бұзушылық істермен көлік құралдарын жүргізуге қатысты. Соның ішінде жол жүрісі қағидаларын бұзу, сол арқылы адам денсаулығына зиян келтіру, көлік құралының немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген бұзушылық бойынша – 1759, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстанның көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы бойынша – 1224 іс қаралған. Елімізде «Түнгі сот» жобасы сәтті

жүргізілуде. Есепті кезеңде «Түнгі сотпен» – 93 әкімшілік құқық бұзушылық іс қаралды. Оның 91-і кодекстің 610-бабымен қаралған істер бойынша 2021 жылдың 12 айында мемлекет пайдасына 318 974 578 теңге айыппұл өндірілген. Соттардың ашықтығы мен жариялылығының нәтижесінде есепті мерзімде Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьяларына қатысты арыз-шағым түспеген.

Жоғарғы Сот төрағасы 2022 жылды соттардың тиімділігін арттыру жылы деп жариялады. Сондықтан, сот төрелігінің әділдігі мен жедел әрі толық орындалуын негізгі бағыт ретінде белгілеп, қоғамның сеніміне ие болу мақсатындағы жұмыстарды тоқтаусыз жалғастыра береміз.

Қаржау БОЗШАГУЛОВ,
Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

МЕЖЕ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДА

2021 жылғы қаңтардан бастап Қазақстанда қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілді. Бұл модельде қылмыстық процеске үш буын жауап береді: тергеу органы, прокуратура және сот. Соған орай құрылымдар арасындағы өкілеттіктер нақты анықталған. Тергеу органы қылмысты және оған қатысы бар адамдарды анықтайды, дәлелдер жинайды. Прокурор жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға береді және қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқығын қозғайтын негізгі процесстік шешім қабылдайды және айып тағады. Прокурор келісімінсіз қылмыстық қудалау органының барлық түйінді шешімінің заңды күші және құқықтық салдары болмайды. Осылайша, прокурор шешімді бекіткенге дейін азаматтарды қылмыстық процеске тартуға жол берілмейді.

Сот істі қарау нәтижелері бойынша барлық дәлелді бағалайды және үкім шығарады. Ағымдағы жылы Алматы қаласы Әуезов ауданының прокуратурасы 918-ден астам негізгі шешімнің заңдылығы мен негізділігін тексерді.

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап аса ауыр қылмыстық істер бойынша тергеуді аяқтай отырып, тергеушілер есеп жасайды, ал олар бойынша айыптау актісін шығару прокурорға өтті. Қазіргі уақытта Әуезов ауданының прокуроры аса ауыр санаттағы 3 қылмыстық іс бойынша айыптау актісін жасады және сотқа қарау үшін жіберді. Қабылданған шаралар нәтижесінде азаматтардың конституциялық құқығының бұзылуына жол берілген жоқ.

Негізгі шешімдерді келісудің тағы бір артықшылығы артық бюрократиялық кідірісті болдырмайды. Прокурор заңдылықты қадағалайды және шешім қабылдағаннан кейін емес, басынан бастап тергеуге қатысады. Осылайша, айла жасау фактілері барынша азайтылды және азаматтарды қылмыстық қудалау шенберіне заңсыз тарту дер кезінде тоқтатылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша енгізілген қылмыстық процестің үш буынды моделі заңның пәрменін арттырып, әділдікті және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Үш буынды модельді енгізу Адам құқықтары саласындағы жоғары халықаралық талаптарға толық жауап береді.

Қанат ҚЫЛЫШБАЕВ,
Алматы қаласы Әуезов ауданы прокуратурасының бөлім басшысы

ПӘРМЕН

ШЕТЕЛДІКТЕР ЕЛ ЗАҢЫНА ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУЫ КЕРЕК

Ел заңымен заңсыз миграцияның алдын алу және заң бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту шаралары қарастырылған. Бұл орайда ел аумағына заңсыз кіріп-шыққан еңбекші-мигранттардың жауапкершілігі, жүріп-тұруы, шекарадан өту ережелерін бұзуы, заңсыз мигранттарды ел аумағынан шығару мәселелері де заңда көзделген. Біздің елде жұмыс істеп жүрген шетелдік азаматтар кейде заң талабын сақтамай, жауапкершілікке тартылып жатады. Заңды бірнеше рет белден басып, жауапкершілікке тартылған шетелдіктердің ісі әкімшілік құқық бұзушылық тәртіппен де, қылмыстық тәртіппен де қаралады.

Қылмыстық кодексте басқару тәртібіне қатысты қылмыстық құқықбұзушылық түрі кеңейтіліп, ҚР Мемлекеттің шекарасын қасақана заңсыз кесіп өту, заңсыз көші-қонды ұйымдастыру секілді баптар қарастырылған. Осы заңның 392-бабында Қазақстанның мемлекеттік шекарасын мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен тысқары жерден қасақана заңсыз кесіп өту, жалған құжаттар арқылы немесе белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана заңсыз кесіп өту – шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге бес жыл мерзімге шығарып жібере отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалау көзделген.

Шет елдіктердің ел аумағында заңсыз жүріп-тұруын қамтамасыз еткен ел азаматтары да қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Яғни, Қылмыстық кодекстің

394-бабына сай, көлік құралдарын не қолдан жасалған құжаттар не тұрғын немесе өзге де үй-жай беру, сондай-ақ, азаматтарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға ел аумағы бойынша заңсыз келу, кету, орын ауыстыру үшін өзге де қызметтер көрсету арқылы заңсыз көші-қонды ұйымдастыру – екі мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал қызметтік өкілеттігін пайдалану немесе адамдар тобы болып алдын ала сөз байласып жасаған дәл осындай әрекет үшін жаза қатан.

Өкінішке қарай, сотта кейде шетелдік азаматтың ел заңын бірнеше рет бұзуы жиі кездеседі. Олар жасаған сабақ алмай, керісінше, қателікті қайталап жасауға бейім тұрады. Бұл шетелдіктердің Қазақстанға бойы үйреніп қа-



луынан ба, әлде өз елінде еркін жүріп, еңбек ете алмауынан ба, ол жағы белгісіз. Қалай болғанда да, кез келген шетелдік өзге елдің заңына құрметпен қарағаны абзал.

Аида БҰЛАҚБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

БАСТАМА

ЖАҢА КОДЕКС ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бойынша соттардың іс қарап жатқанына 8 айдың жүзі болды. Алғаш бастаған істің қиындық тудыратыны секілді, бұл кодекстің қолдануға да өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтар туындап жатқанын жасыруға болмайды. Себебі, әкімшілік істер қарауда соттарда әлі тәжірибе қалыптасқан жоқ.

Әкімшілік істерді қараудағы жаңашыл қағидаттың бірі – соттың белсенді рөлі. Бұл норма кодекстің 16-бабында көзделген. Бұл принципті қолданбау сот шешімінің күшін жоюға әкелуі мүмкін. Себебі, әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады. Мысалы, сотқа әкімшілік іс түсті, бірақ талаптың мәніне қарағанда талап қоюшы тиісті емес жауапкерді тартқан, мемлекеттік бажды толық төлемеген, талап қою мерзімі өтіп кеткен. Бұл жағдайда кодекстің 29-бабында көрсетілген талап бойынша белсенді рөл қағидатын қолданып, сот талап қоюшыға тиісті емес жауапкерді ауыстыру туралы ұсынады. Егер жауапкер ауыстырылмаса, сот өз бетінше талап қоюшының келісімінсіз тиісті жауапкерді екінші жауапкер ретінде тартады. Егер мемлекеттік бажды дұрыс төлемесе оны қанша, қандай БСН-ға төлеу туралы, талап қою мерзімін қалпына келтіру туралы өтінісхат бере алатынын түсіндіреді.

Талап қоюшы талап қою мерзімін дәлелді себеп-

пен өткізіп алғанын дәлелдеуі тиіс. Себебі, кодекстің 136-бабының 7-бөлігіне сай сот өткізіп алу мерзімін дәлелді деп тапса, оны қалпына келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, соттың бұл белсенді рөлі талап қоюшыларды мүлдем дәлелдеме жинаудан босатады деген қате түсінік болмауы керек. Себебі, кодекстің 129-бабының 1-бөлігінде талап қоюшы өз мүмкіндігіне сәйкес дәлелдемелер жинауға қатысуға міндетті. Берілген талап қою түріне қарамастан, талап қоюшы құқығының, бостандығы мен заңды мүддесінің бұзылғаны туралы өзіне мәлім болған уақытты, сондай-ақ келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеуге міндетті делінген.

Сонымен қатар, тиісті органдар әкімшілік істің қатысушысы болмаса да сот сұратқан құжаттарға сотпен көрсетілген мерзімде жауап беруге міндетті. Кодекстің 18-бабына сай заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ, соттар мен судьялардың сот төрелігін іске асыру кезіндегі өкімі, талабы, тапсырмасы, шақыруы мен басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, заңды, лауазымды, жеке тұлғалар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында орындалуға жатады. Егер соттың бұл талабы орындалмаса кодекстің 127-бабында көрсетілген ақшалай өндіруді қолдануы мүмкін.

Қорыта келе, әрбір судья, сотқа қатысушылар өз құқығын ғана емес, міндетін де біліп, орындаса қандай іс болмасын оң шешімін табады.

Ж.ДЕРБИСАЛИЕВА,
Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ОҢ ҚАДАМ

СОТ САЛАСЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ТОЛЫ

Өзге құрылымдармен салыстырғанда жаңа технология игіліктерін меңгеруге мейлінше ден қойған саланың көшбасшысы отандық сот саласы десек қателеспейміз. Соның арқасында сот жұмысын ашық, жедел, қолжетімді етудің сәтті түсті. Заманауи құрылғылар мамандар жұмысын жеңілдетуге, тікелей байланысты жоюға, соған орай соттағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға септігін тигізді.

Бүгінде республика соттары жүз пайыз дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен жабдықталған. Сот отырыстары толықтай таспаға жазылып, сақталады. Тараптар кез келген уақытта таспаны қайта қарап, сараптай алады. Жаңа технологияның көмегімен істер мен материалдар судьяларға автоматты түрде, теңдей бөлінетін болды. Бұл да әділдікті қамтамасыз етіп, жүктемедегі ала-құлалықты жоюдың кепілі.

Сот жүйесіне қатысты арыз-шағымды жолдаудың, сондай-ақ құжаттар мен анықтамаларды алудың да жеңілдегенін айта кеткен жөн. Бүгінде азаматтар үйінен шықпай-ақ «Сот кабинеті» сервисіне сүйене отырып талай жұмысын қашықтан реттеуге қол жеткізді. Жаңа технология, цифрлық сала жетістіктерін енгізу отандық соттың бет-бейнесіне үлкен өзгеріс әкелді.

Жаңашылдықтарды енгізу ісі бір сәт те босаңдеген емес. Қазіргі кезде сот өндірісін роботтандыру және жасанды интеллект енгізу бойынша ізденістер жасалуда. 2018 жылдың желтоқсан айында сот төрелігінде жасанды интеллектті қолдануға арналған алғашқы халықаралық-құқықтық акт жасалды. Бұл Еуропалық сот төрелігінің тиімділігі бойынша комиссия (СЕРЕЛ) бекіткен Сот жүйесінде жасанды интеллектті қолдану жөніндегі Еуропалық этикалық хартия болатын. Хартияға сәйкес, сот жүйесінде жасанды интеллектті қолдану сот төрелігінің тиімділігі мен сапасын арттырады және адал жұмыс істейді. Жасанды интеллект – бұл процеске қатысушылардың құқығын сапалы қорғауды және сот тәжірибесін біріздендіруді қамтамасыз ету жолындағы жай ғана қосымша құрал. Жоғарғы Сот автоматтандыру арқылы сот өндірісін тездетуді, адами факторға қатысты қателіктерді жоюды көздеген.

Назым ТОҚТАСЫНОВА,
Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

КӨП АЛҒЫСЫ КӨГЕРТЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай бір шара Алматы қаласының ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде ұйымдастырылды. Алғыс айту күніне орай көпестерге толмаған жазасын өтеушілер арасында «Ашық есік» күні өтті. Аталған шараға Алматы қаласы білім басқармасына қарасты «Оқушылар үйінің» директоры Зейнеп Аришева және ұлт аспаптар, домбыра үйірмесінің жетекшісі Мерхат Акбимов бастаған өнерпаздар арнайы қатысты. Ашық есік күніне орай баласымен жүздесуге келген ата-аналар мерекелік концертті үлкен қызығушылықпен тамашалады. Жазасын өтеп жатқан балалар да өнерден құралақан еместігін көрсетті. Баласын өнерге баулып, қабілетін шыңдап жатқан мекеме ұжымына ата-аналар ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.

Іс-шараны ашқан мекеме бастығы Мирас Толубаев ата-аналар мен жасөспірім-



дерге алғыс айту күнінің маңызын түсіндірді. Сонымен бірге, осы шараның өз деңгейінде өтуіне атсалысқандарға алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсырды.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

АЙМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Себебі, Алматы облысының даму перспективаларын сараптасақ, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту және табысын арттыру мақсатында облыс әлеуетін негізге ала отырып, іс-қимыл жоспары әзірленген.

Облыстың 2025 жылға дейінгі инвестициялық портфельі құрылып, оған 19 мың жұмыс орнын ашуға жалпы сомасы 2,8 трлн теңге болатын 289 жоба енгізіліпті. Аграрлы облыс болғандықтан басым бағыт ауыл шаруашылығы, өңдеуші өнеркәсіп, сауда, көлік және құрылысқа берілген. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу өндірісі бойынша республикада Алматы облысы бірінші орында тұр.

Алматы облысы жылына 27,5 млн литр сусын шығарып, сатады. Бұл республика бойынша өндірілетін сусынның 42%-ы. Жеңіл өнеркәсіп және қағаз өндірісі көлемі бойынша өңірлер арасында алдыңғы орындағы 3 аймақтың қатарына кіреді. Сонымен қатар, облыста құрылыс материалдарының 70-тен астам түрі өндіріледі және ол елде құрылыс материалдарының негізгі жеткізушісі бола алады. Полиэтилен пленкаларын шығаратын 5 жаңа зауыт салынып, 550 тұрақты жұмыс орны құрылып, қосымша 270 жұмыс орны ашылмақ. Нәтижесінде бір жылда 22 мың тонна өнім өндіріледі.

Дәстүрлі салалармен қатар қосымша инвестициялар тартатын минералдық шикізатты өндіру және қайта өңдеу саласына да баса назар аударылатыны құптарлық қадам. Облыста уран-көмір кен орындарының (Сұлу-Чикин, Іле, Төменгі Іле, Көлжат) бірегей қорлары, сондай-ақ, марганец, вольфрам, алтынның бекітілген қорлары, пайдалы қазбалардың үлкен көлемді кен орындары бар. Ірі инвестициялық жоба Бұғыты кен орнында 94,5 млрд теңге инвестиция көлемімен және 400 жұмыс орнын құрумен қуаты 3,3 млн тонна кен өндіретін «Жетісу Вольфрам» ЖШС вольфрам кенін өндіреді. Тағы бір маңызды жоба 1200 жұмыс орнына 650 млрд теңге инвестиция көлемімен 25 млн тонна мыс кенін қайта өңдеу қуаттылығымен «Көксай Мұзбел» ЖШС тау-кен байыту комбинатын салу

болып табылады. Рас, бұл жобалардың бірқатары бұрынғы әкімнің кезінде қозғалған.

Баламалы энергия көздері пайда болады

Облыс баламалы энергияны пайдалана отырып, энергетика өндірісін дамыту саласында да ең жоғары әлеуеттердің біріне ие. 2025 жылға дейін жалпы қуаты 398 МВт болатын 320,2 млрд теңгеге 26 жобаны іске асыру және ЖЭК үлесін 42%-ға дейін жеткізу жоспарлануда екен. Дұрыс жұмыс жүргізе отырып, туризм саласын экономиканың толыққанды драйверіне айналдыруға да болады. Алматы тау кластері, Алакөл және Балқаш жағалауларын, ұлттық табиғи саябақтардағы экологиялық туризмді дамыту басымдыққа ие салалар. Жалпы, облыстың инвестициялық бағдарламасын толық іске асыру нәтижесінде 2025 жылға дейін 35 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылып, шағын және орта бизнес саласында 75 мың жұмыс орны ашылмақ.

Баспасөз брифингінің екінші бөлімі сұрақ-жауап негізінде жалғасып, табиғи газ, тұрғын үй, электр қуатымен қамту барысындағы сұрақтарға егжей-тегжейлі жауаптар берілді. Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ секілді оңтүстік мегополистің іргесіндегі аудандарға алдағы уақытта арнайы барып, түрлі мәселелерін реттеу жолдарын қарастыратыны да айтылды.

«Алтын Орда» базары ретке келеді

Нақты цифрларды қазірге ашпасақ да өткен жылдары бұл базарға қатысты компания бюджетке небары 10-20 миллион теңге ғана кіріс түсіріпті. Бұл цифрды «Алтын Орда» базарының мүмкіндіктерімен салыстырып көрсеніз көп жайды аңғарасыз. Сондықтан сәулет

ЖЕТІСУДЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ



лесі қалай, техникалық оқу орындарына жастарды оқыту мәселесі шешіле ме деген сауалдар қойылды.

– Бүгінгі күні сингапурлық компания өңірдегі кен орнынан вольфрам өндіруді жүзеге асыруға дайындық жұмыстарын жүргізуде. Орта деңгейдегі тау-кен байыту комбинаты салынады. Қажетті мамандар қазірше біздің өңірде жоқ болғандықтан инвесторлар мамандарды еліміздің шығысы мен солтүстігінен тартатын шығар. Бірақ біз жас мамандарды колледждердің бірінде оқытып, бұл кәсіпорынмен байланысты нығайтамыз. Алдағы уақытта комбинатта жұмыс істейтін мамандарды сол колледжде дайындаймыз. Тұтастай алғанда, колледж жергілікті өндірісті кәсіпорынмен тығыз байланысты болады. Бұл ретте тәжірибелі инвесторлар қажетті мамандарды оқыту үшін базаға мұқтаж болатынын білген дұрыс.

Табиғи газ және Балқаш-Алакөл демалыс орындарына баратын жол мәселелері көтерілгенде әкім: – «Қол қойылған меморандумға орай былтыр қазан айына дейін газ бағасы көтерілмегені мәлім. Бүгінде «Жетісу-газ» компаниясына жаңа басшы келді. Тұрғындарға газды қосып беру үшін сұралаптың қаражатты реттеуге араласып, инвесторлармен сөйлесеміз. Жеке тұрғын үйлерге табиғи газды тартып, қосуға қажетті құбырлар, қазандықтар, есептеу құралдарының өзіндік құны есептеліп, газ бағасы дұрыс шешімін табады. Қажетті құжаттар көтеріліп алдағы бір-екі аптада Қазақстан темір жолы басшыларымен де келіссөздер жүргіземіз. Жаңа маусымда заман талабына сай вагондары бар поездармен Алакөлге адамдарды апаруға қол жеткіземіз. Балқаш жағалауында да имфракұрылымы реттелген заманауи туристік аймақ болады», – деді.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

және қалақұрылыс, санитарлық-гигиеналық, ветеринариялық, салық қызметі және тағы басқа салалар тексерулерін жүргізіп, сараптамаларын береді. Соған орай әрекет етеміз. «TECHODOM» компаниясының жаңа бренді – AIRBA компаниясымен келісімшарт жасадық. Бұл компанияға Іле ауданы аумағынан 60 гектар жер бермекпіз. Олар А+классты логистикалық хаб құрады, – деді Қанат Бозымбаев.

Талдықорған өңірінің өзекті мәселесі қант қызылшасына қатысты сұраққа: – Былтыр 180 мың тонна қант қызылшасы жиналды. Ал облыстағы екі қант зауытының қуаттылығы 800 мың тонна. Бұл қант қызылшасының өзіндік құны жоғары болып, өзін-өзі ақтамайтынын білдіреді. Сондықтан, зауыттар қант қызылшасын қант троснигі ретінде қайта өңдейді, – деді облыс басшысы. Сондай-ақ, қант қызылшасын қабылдап, қант шығаратын екі зауыттың біреуіне ғана өнім өткізілетінін айтты.

Еңбекшіқазақ ауданы құрамына кіретін Шелек ауылына қайтадан аудан-

дық статус беру мәселесіне жақында ғана аудан әкімі ауыстырылғанын, ауыл шаруашылығы саласының маманы болып саналатын жаңа әкім Шелек ауылының төл тумасы екендігі, өңірді дамытуға білек сыбана кірісетіні айтылды. Сонымен қатар, Үйгентас, Қапал ауылдарына аудан статусын беру мәселесі облыстық деңгейде шешілмейтінін, бірақ алдағы уақытта сол өңірлерге арнайы барып, елдің жағдайын, тұрмысын көретінін де ашық айтты. Тұздыбастау ауылында халық тығыз орналасқандықтан мектеп, емхана және жол, электр жарығы секілді мәселеге жергілікті әкім жауап беретіні ұғындырылды.

Күдіктен гөрі үміт басым

Келесі кезекте, облыста вольфрам өндіретін кен орнына тұрғылықты халық қара жұмыскер ретінде ғана қабылдана ма, кен орнында кадр мәсе-

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БІР КҮНГІ ҰРЫСТЫҢ ҚЫРЫҚ КҮНДІК КЕСІРІ БАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Экономистер өздерінің есептерінде жағдайдың күннен күнге құлдырып бара жатқанын айтып дабыл қағуда. Рубльдің құнсыздануы салдарынан инфляцияның да елеулі деңгейде қарқын алуы әбден мүмкін. Қазіргі таңда Ресейдің бірқатар банктерінде 1 доллар 150 рубльден сатыла бастапты. Бүгінде ресейліктер жаппай жинақтаған ақшаларын шешіп алуға кірісті. Банкоматтарда доллар мен еуро азайып барады.

Ресей Президенті Владимир Путин Ресей бизнесмендерімен өткізген кезектен тыс кездесуінде жағдайға түсіністікпен қарап, үкіметпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге шақырды. Осы басқосуда «Сөзсіз бұл геосаяси жағдай Ресей бизнесіне әр түрлі шектеулермен күрделі жағдайда жұмыс істеуге мәжбүр етеді. Бірақ мемлекет қана емес, экономика да дағдарысты жағдайға бейімделген. Ресей бизнесі де 2014 жылдан бері мұндай сынақтарға бейімделіп, күрделі міндетті шешуді үйренген», – деді РСПП жетекшісі Александр Шохин. Соңынан жабық жағдайда өткен бұл басқосуда бизнесмендерге «санкцияларға қарамастан бәрінді қолдаймыз, сендер тек патриот болыңдар» деген аманат жүктеліпті. Шохиннің сөзіне қарағанда Ресей бизнесіне қоспорындардың үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін бұрынғыдан да қарқынды жұмыс істеп, жұмыс орындарының қысқаруына, тапшылықтың орын алуына, дүрбелең туып, бағаны өсуіне жол бермеу тапсырылған. Алайда, орта бизнес өкілдері мұндай соғыс әрекеттерін күтпегенін, оның эмоционалды және моральдық сонымен қатар экономикаға да айтарлықтай кері әсер ететінін айтып, қатты абыржып отыр. Бизнес өкілдері бұл ретте санкциялардың қаржылық құралдарды қолжетімсіз ететініне айрықша алаңдаулы. Өйткені, ресейлік банктерге несие беру айтарлықтай қауіпті. Осының салдарынан қарыздар бойынша өсімақылар шектеусіз өсері хак. Мұның сыртында рубльдің құнсыздануына орай



Орталық банк негізгі өсімақыны қымбаттатып, бұл барлық несиенің қымбаттауына алып келері сөзсіз.

Украинамен жағдайдың ушығуы, әсіресе, Ресейдің туристік секторына соққы беріп, оған қатысушыларды қиын жағдайда қалдырып отыр. Қазіргі таңда көптеген аэропорттар жабылып, рейстер кейінге шегеріліп жатыр. Адамдар жаппай болмаса да, қорқып, саяхаттардан бас тартуда. Белсенді түрде басталған алдын ала брондау да тоқтап қалған. Қоғамдық тамақтандыру, демалыс орындары үшін де қиындықтар туды. Оларға тауар жеткізушілер қазірдің өзінде бағаны өскені туралы хабарлама жіберіп жатыр екен. Ресейлік те, импорттық тауарлардың да бағасы өсіп кеткен. Кейбір заттардың бағасы бірден үш есеге дейін қымбаттапты. «Респотребсоюз» компаниясының атқарушы директоры Дмитрий Востриков Би-би-Сиге Ресейдің Украинадағы әскери операциясы басталғаннан кейін бірден сауда желілері азық-түлік жеткізіліміне тапсырыстарды едәуір арттырғанын айтты. Барлығы тауарды арзан бағамен сатып алуға үлгергісі келеді, өйткені қазір нарықтағы құбылмалылық күшейе түсуде. Кәсіпкерлер қоймаларда белгілі бір қорлар жасауға тырысады. Тамақ өнеркәсібі үшін жағдай өте қиын» деді ол.

«Теңізді жел шайқаса ешкіні көктем ізде» дейді халық даналығы. Экономикалық бір кеңістікте отырған Қазақстанға Ресейдегі дүрбелеңнің ықпалы айрықша болары анық. Десе де бірқатар сарапшылар бағыс елдерінің Ресейге салынатын санкцияларының толық пакетін күту керек, олар толық белгілі болған жағдайда ғана Қазақстанның экономикасы жайлы сөз етуге болады деген ұстанымда. Мәселен, ЦентрКредит банкi басқармасының төрағасы Ғалым Хусаиновтың айтуынша, егер қаржы секторына санкция салынатын болса, валюталық аударымдарға, инвестицияларға, мемлекеттік қарызға шек қойылып, оның салдары рубльдің әлсіреуіне алып келеді. Ресей біздің сауда бойынша ең ірі серігіміз болғандықтан бұл төнгенің құнына әсер етеді. Ресей өз тауарларын өткізуі үшін жаңа нарықты Қазақстаннан және біз арқылы өзге елдерден де іздеуге мәжбүр болатындығымен тауарлардың жылжуына секторалдық шектеулер туады. Ресеймен бір экономикалық кеңістікте жатқан мемлекет ретінде Қазақстанға ресейлік қатерлер халықаралық рейтинг тұрғысынан да кері әсерін тигізеді.

Әлемдік экономика және саясат институтының (ӘЭСИ) сарапшысы Мағбат Спанов бұл пікірмен келіседі. Оның айтуынша, біріншіден, Қазақстанның Ресеймен тауар айналымында үлесі көп. Еуропадағы жолды (немесе оның бір бөлігін) жабатын ресейлік нарық бізге бұрынғыдан да көп бет бұрады. Бұл қазірдің өзінде болып жатқан жағдай. Екіншіден, қаттығы күшейе түссе Беларусь та осы үрдіске толықтай тартылып, санкциялар ықпалына ұшырайды. Қазақстанда Беларусь өндірушілеріне арналған арналар әлдеқашан жолға қойылған. Соның айғағы соңғы жылдары бізде көптеген сауда нүктелері мен Беларусь өнімдері пайда болды, енді ол тіпті қарқын ала түседі. Мұның салдары қазақстандық өндірушілердің нарықтағы орнының тарылуына соқтырады. «Мен көптен бері доллар бағамының теңгеге қатынасына ғана емес, теңгенің рубльге қатынасына да назар аударып келемін. Біздің валютамыз ресейлік валютамен тығыз байланысты, өйткені, жоғарыда айтылғандай, бізде Ресеймен тауар айналымының жоғары үлесі бар. 2014 жылы Ресейге қарсы санкциялардың алғашқы пакеттерін енгізген кезде, көбісі бұған, соның ішінде біздің Қазақстанда да құмәнмен қарады. Нәтижесінде, біздің мойнымыздағы экономика-

лық баж жыл сайын күшейді. Ал қазір бұл қысым арта түседі» дейді ол. Ал, экономикалық сарапшы Анна Бодрова Қазақстан экономикасы үшін күрделі сыртқы фонның салдары ел билігінің қандай позиция ұстануына тікелей байланысты болады деп есептейді.

– Республиканың саясаткерлері қазір мүмкіндігінше бейтараптықты сақтайды деп айтуға болады. Жақын арада теңге бағамы мұнайдың ағымдағы бағалары кезіндегі бағалардан әлсіреп кетуі ықтимал. Бұл оның рубльмен, жалпы Қазақстан экономикасының Ресей экономикасымен тығыз қарым-қатынасына байланысты. Егер Қазақстанның саясаткерлері ресейлік әрекеттерді қолдаса теңге бағасы күрт төмендеуі мүмкін. Бірақ мұндай сценарийдің іске асу ықтималдығы аз.

Жалпы, Украина мен Қазақстан арасындағы тауар айналымына келсек, бұрын бұл бағыттағы әріптестік бұл оның рубльмен, жалпы Украинаға сату мүмкіндігін жоғалтсақ та, экономикамыз аздап зардап шегеді. Егер Украина кенеттен Ресеймен шекараны жаба бастаса, жеткізілімдегі нақты үзілістер басталуы мүмкін. Өйткені, Украина сауда тұрғысынан Ресейге өте тәуелді, сондықтан олардың билігі шекараны жауып тастамайды, әйтпесе бұл оларға қосымша қиындықтар туғызады».

Төктерін айтқанда, Қазақстан үшін де сынаққа толы кезек басталды. Бұл жағдайдан отандық өндірісті барынша жолға қою үшін сындарлы шешімдер қабылдап, нақты іс-қимылға көшу арқылы ғана шығуымыз мүмкін.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



судьялардың жүктемесі бірдей. Ешкімді алапап, артықшылық беруге жол жоқ. Арыз-шағымын айттып сот ғимаратының алдында иіріліп тұратын жұртты да көзің шалмайды. Себебі, бүгінде өзіне керекті анықтама, құжаттың бәрін халық «Сот кабинеті» сервисі арқылы алады. Сот отырыстарының

үкім шығарғанша келесі істі бастамайтын. Кейде бірнеше эпизодтан тұратын, том-томға жүк болған күрделі істерді қарауға тура келеді. Ал оларды қарау апта емес, айларға созылуы мүмкін. Судья осы істің нүктесін қоям дегенше өндірістегі талай іс жатып қалатын. Заңнамадағы өзгерістерге сай бүгінде судья бірнеше істі қатар қарай береді. Бұл қысқа, терең зерделеуді қажет етпейтін айқындалған істерді кешеуілдетпей қарауға мүмкіндік туғызды.

– **Осы уақытқа дейін өзіңіз де бірнеше аудандық сотқа тараза болдыңыз. Сонымен бірге, талай төрағаның жетекшілігімен қызмет жасадыңыз. Облыстық сот**

Теміржан ҚҰДАБАЕВ,
Алматы қаласы Бостандық ауданы №2 сотының судьясы:

«АБЫРОЙМЕН ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ – ӘРБІР СУДЬЯНЫҢ АРМАНЫ»

– **Сот саласында отыз жыл еңбек еткен тәжірибесі мол судьясыз. Осы уақытқа дейін салада не өзгерді? Сіз судья болып жұмыс бастаған кез бен қазіргі кездің айырмашылығы қандай?**

– Тәжірибе, кәсіби шеберлік уақытпен, еңбекпен келеді. Сот саласындағы ұзақ жылғы қызметтің арқасында ақ пен қараны айыруға, өтірік пен шындықтың арасын ажыратуға төселдік. Іздене жүріп кемелдендік.

Сот жүйесінің қаншалықты өскені, жанданғаны күні бүгінге дейін көз алдымызда. Мен судьялықты Алматы облысының Шелек ауданынан бастадым. Ол кезде соттың үкімін қолмен жазамыз. Сол үкімнің түпнұсқасы саналады. Одан кейін әр сотта машинистер бюросы деген болатын. Онда машинкаларын сатырлатып бірнеше адам біз жазған үкімді қағазға басып көбейтумен айналысады. Қаншама уақыт, қаншама еңбек десеңізші. Ал қазір заманауи технологияның арқасында жұмысымыз көп ілгеріледі. Істер мен материалдар компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлінетіндіктен,

дыбыс-бейне таспаға жазылуының да артықшылығы аз емес. Бұл адамдарды жауаптылыққа, сотты сыйлауға, негізсіз арыз-шағымның алдын алуға көмектеседі. Тәуелсіздіктің отыз жылында атқарылған елеулі өзгерістің бұл бір парасы ғана.

– **Отандық заңдардың жиі өзгертіліп, толықтырылатыны байқалады. Оның сот жұмысына әсері қандай?**

– Заң – елдегі теңдіктің, құқықтық кемелдіктің, әділдіктің кепілі. Сондықтан заңдарды заман талабына сай жаңартып, жаңғыртып отыру өзекті. Мысалы, осыдан отыз жыл бұрынғы Қылмыстық кодекстің көлемі жұқа кітапша еді. Қазір ондағы баптар көбейген. Неге? Себебі, қылмыс жыл сайын түрленуде. Жаңа технологияның өзі қаншама қылмыс түрін туындатып отыр. Оларды әділ саралау үшін міндетті түрде заңды жаңғырту керек. Яғни, өзгеріс қажеттіліктер, қоғамның сұранысынан туындайды. Жаңашылдық сот жұмысын жеңілдету бағытында да жасалады. Айталық бұрын бір істі бастап қараған судья оны аяқтап,

төрағаларының ішінде қайсысы жүрегіңізге жақын?

– Тегін адам төраға болмайды. Оның ішінде ірі қала, облыстық соттарға үлкен ұжымды ұйыта алатын, көпшілікке сөзін тыңдата алатын азаматтардың тандалатыны түсінікті. Алматы облыстық сотына да талай мықты ағаларымыз төраға болды. Сот саласында өзіндік орны бар сол төрағалардың ішінде Серік Байбатыров ағамыздың еңбегін ерекше айтар едім. Ол кісінің біліктілігіне, кәсіби шеберлігіне құрметім шексіз. Серік ағамыз қоғамдық шаралардан да, спорттан да қол үзбеген арда азамат. Ағамыздың бастамасымен Алматы облыстық сотының судьяларынан құрылған волейбол командасы Судьялар одағы ұйымдастыратын жыл сайынғы спартакиадада 6 рет бас жүлдені иеленді. Бір Серік Кәтенұлы араласқан істің жеңісіз, жеміссіз болмайтынын көрсетсе керек.

Серік ағамыз облыс судьяларының жұмысына ғана емес, отбасылық жағдайына да алаңдайтын. Керек кезде қолдау көрсетуге тырысатын. Жұбайым аяқ астынан көз жұмып, үлкен күй-

зеліске түскен кезімде де демеу берген, жол көрсеткен жанымның бірі Серік Кәтенұлы еді. Осындай біліктілігін ғана емес, жүрегінің кеңдігін де көрсететін ағаларымыз көп болғай.

– **Судья ретінде сізді не алаңдатады?**

– Бұрын айыпты орындығынан қыз-келіншектерді сирек кездестіретін едік. Қазір ұрлық жасаған, адам өлтірген, алаяқтықпен талай адамды зар қасқатқан әйелдер көбейді. Солардың басым бөлігі ажырасқан, баласын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған аналар. Бірақ баласын бағамын деп қылмыс жасаған адамды еш ақтауға болмайды. Олар ұл-қызына не үлгі көрсетпек? Жалпы, осы қылмыстардың тамырын қаулап

дап жеңіл ақша табуға төселген бұл әйелдің қателіктен сабақ алмауының өзі, түрмесіз түзелмейтінін көрсетті. Соған орай жаза да қатаң болды.

– **Теміржан аға, судья ретіндегі алаңыңыз орынды. Ал осы қоғамның бір мүшесі, қарапайым азамат ретінде сізді не толғандырады?**

– Азамат ретінде туған тіліміздің ертеніне қатты алаңдаймын. Мемлекеттік тілдің өз биігіне көтеріле алмауына баршамыз кінәліміз. Басқа саланы айтпай-ақ қояйын. Бүгінде сот отырысында қаралатын істердің басым бөлігі орыс тілінде таразыланады. Мұны қанша жазып, айтып жатсақ та отыз жылда ештеңе өзгерте алмадық. Сот отырысында жауапкер – қазақ, жәбірленуші – қазақ, судья, адвокат, прокурор – қазақ. Бір өзге ұлт өкілі жоқ, кілең қазақ орысша

рағанда отбасылық құндылықтың тым арзандап, тәрбиенің ақсап жатқанын еріксіз мойындаймын. Әйелдер арасындағы қылмыстың артында ажырасу тұр. Сондықтан алдағы уақытта неке бұзу мәселесіне жеңіл қарамай, бұл мәселеге бала тәрбиесі, ұрпақ болашағы тұрғысынан баға берген орынды.

Күнкөріс үшін елді алдаған, өзгелердің есебінен табыс тапқан әйелдер ұрпағына не тәрбие беруі мүмкін? Мен алаяқтықты кәсіп еткен бір әйелге қатысты екі рет іс қарадым. Бірінші жолы ол әйелге келтірген залалды орнына қойып, өз қатесін мойындағаннан кейін бостандығынан айырмайтын жаза тағайындаған едім. Араға көп уақыт салмай әлгі әйелге қатысты екінші іс түсті. Бұл жолы да алаяқтықпен істі болған. Жәбірленушілер оның өзін-өзі ұстау шеберлігіне, «таныстарының мықтылығына» таңқалған. Бірі пәтер алуға, енді бірі жақсы жұмысқа орналасуға, тағы бірі қаланың көрікті жерінен жер алуға көмек сұраған жәбірленушілер «дөкей» әйелдің сұраған ақшасын сөзге келмей алақанына ұстатқан. Елді ал-

іс жүргіземіз. Нағыз анекдот. Кейде қазақ пен қазақ аудармашы арқылы түсінісіп отырады. Бұдан артық қандай қасірет болуы мүмкін? Көшеге шықсақ шүлдірлеген қазақтар, аулада орысша сөйлеп жүгіріп жүрген балалар да өзміздің қарадомалақтар. Бұл мәселеге үнсіз қарап отыруға болмайды. Мемлекет тарапынан міндетті шаралар қолға алынуы керек.

– **Абыроймен зейнетке шығу – әрбір судьяның арманы. Осы уақытқа дейін сот саласында мінсіз қызмет атқардыңыз. Ендігі жоспарыңыз қандай?**

– Иә, атына кір жұқтырмай қызмет ету де үлкен бақыт. Зейнетке шыққан соң балаларыма көмектескім келеді. Үлкен қызым мен ұлым заңгер. Екеуі де жүрек қалауымен жұмыс істеп жүр. Кіші қызым мен ұлым мектепте озат оқушылардың бірі. Жұмыс деп жүріп балаларыма көп көңіл бөле алмадым. Сол оққылықты енді толтырсам деймін.

– **Тілегіңізге жетіңіз! Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!**

А.САТЫБАЛДЫ

БАЗЫНА

Жастарға дұрыс патриоттық тәрбие беру ерекше маңызды. Бүгінде жастардың батыстық өмір салтына әуестігі күшейген, ұлттық мәдениетке, өз халқының дәстүріне күмәнмен қарауы белең алған. Мұндайда қоғамның қазіргі жағдайын ескере отырып, патриоттық тәрбие жүйесіне жаңаша қарау керек.

МАМАН ДАЯРЛАУ ІСІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА САЙ БОЛСЫН

Патриотизм сезімін қалыптастыру адамның жан дүниесінен өтіп, оның ішкі сеніміне айналуы өте маңызды, ал ұстаздың міндеті – студенттердің танымдық дағдыларын дамыту, өз бетінше үйрету, білімін жетілдіру, ақпараттық кеңістікте бағдарлау, сыни ойлауды дамыту. Патриоттық тәрбие жүйесін жаңғырту жолындағы маңызды құжат ретінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауын атасақ болды. Онда азаматтардың еркіндігі мен елге құрметін қалыптастырудың негізі жасалған. Әрине, жастар мемлекеттің қозғаушысы, алға жетелеушісі болуы үшін олардың да жағдайы, пікірі, тілегі ескерілуі тиіс. Әсіресе, біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған.

Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады. Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайды. Олар амалының жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың ықпалына түседі. Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс. Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндік аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек.

Қала мен ауыл мектептері арасында орта білім сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығында. Сондықтан, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет.

Студенттік жастар гранттар мен студенттік несиелендірудің икемді жүйесі негізінде жоғары білім алу, студенттердің кәсіби деңгейін арттыру, алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамалардан өту, сондай-ақ, жоғары оқу орындарының ғылыми бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі арқылы Президенттің жастардың өмір сүру деңгейін арттыруға деген әкелік қамқорлығын сезінеді. Сондықтан алдағы уақытта осы мәселелер мемлекет тарапынан ескерілсе дейміз.

С.ТҮНЫБЕКОВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор

Г.МУКАЛДИЕВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті, з.ғ.к.

ПАЙЫМ

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗІ

Қазіргі таңда қазақстандық қоғамның демократиялық саяси жүйесінде ұлттық қауіпсіздіктің алатын орны ерекше. Ұлттық қауіпсіздік тек қарулы күшпен ғана қамтамасыз етілмейді.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Себебі, ол ұлттың рухани құлдырау процесін тоқтатуға, азаматтардың білім алу әлеуетін кеңейтуге, тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, заңға, адал еңбекке, өз елінің тарихи дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеуге, яғни мемлекеттің қауіпсіздік жүйесін жан-жақты дамытуға септігін тигізетін негізгі факторы болып табылады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңының 5-бабының 7-тармағына сәйкес, елдің білім және ғылым әлеуетінің қоғам мен азаматтардың әлеуметтік-экономикалық, инновациялық және зияткерлік даму қажеттіліктеріне лайықты деңгейі мен сапасына қол жеткізу және оны сақтап тұру ұлттық мүддені құрайды. Алайда, қолданыстағы заңнамада «білім беру саласындағы қауіпсіздікке» нақты анықтама берілмеген. Осыған байланысты «білім беру саласындағы қауіпсіздік» ұғымын айқындап, кешенді зерттеу қажет және Білім туралы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы,

Ұлттық қауіпсіздік туралы қолданыстағы заңнамаларға тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Ұлттық қауіпсіздік туралы заңның 6-бабында елдің денсаулық сақтау, білім және зияткерлік әлеуеті деңгейі мен сапасының төмендеуі ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлеріне жатқызылады. Соңғы уақытта білім беру саласы мен тәрбие жүйесінде сапаның ұдайы төмендеуі байқалады. Сандық көрсеткіштер (қаржыландыру, жаңа заңдардың қабылдануы, білім беру қызметкерлерінің материалдық мәртебесінің біршама артуы) мен білім берудегі тәрбие жүйесінің сапалық параметрлері арасындағы сәйкессіздік шиеленісе түсті. Университеттер санының күрт өсуі түлектердің кәсіби біліктілігі мен азаматтық мәдениетінің өсуіне емес, керісінше олардың құлдырауына әбелді.

Білім беру саласындағы қауіпсіздіктің тағы бір қатері – сыбайлас жемқорлық. Жемқорлық – біздің болашағымызға жасалатын зұлымдық. Сондықтан, білім беру жүйесінде және ең алдымен жоғары кәсіптік білім беру мекемелерінде ішкі бақылау, ішкі қауіпсіздік, өзіндік экономикалық қауіпсіздік қызметін ұйымдастыру өзекті.

Күләш АЙДАРХАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к.

БАҒДАР

Кез келген мемлекет болашағын жарқын ету үшін жастардың әлеуетін, күш-қуатын пайдаланады. Өйткені, жастар – жаңа идеяның көзі, толассыз энергияның бастауы. Жастар жүрген жерде даму, ілгерілеу болатыны сондықтан.

Бүгінде өсемін, білімді жетілдіремін деп талаптанған жастарға мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Елімізде білімді балалардың мемлекеттік грантка ие болып, әрі қарай оқуын ғылыммен үйлестіруіне жол ашық. Сонымен қатар, өркениетті елдерде білімін жалғастырып, «Болашақ» бағдарламасы арқылы біліктілігін көтерген жастар көңіліне тоқыған озық тәжірибелерді өз еліміздің қажетіне жаратса дейміз.

Бүгінде, дипломды жастардың жұмыссыз жүруі аз кездеспейді. Өйткені,

ЖАСТАР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАЛТҚЫШЫ

жұмысқа қабылдаудың талабы өте жоғары. Жұмыс берушілер тәжірибесі бар, қызметтің қыр-сырын жетік білетін мамандарды қатарына тартқысы келеді. Мейлінше аз кадрмен барынша көп табыс тапқысы келетін жұмыс берушілердің жас кадрларды үйретіп, оқытып отыруға уақыт пен қаржы шығындағысы келмейді. Бұрынғыдай арнайы тәлімгер тағайындап, жастарды қамқорлыққа алу тәжірибесі ұмытылған. Осы мәселені алдағы уақытта назарда ұстап, жұмыс берушілердің жауаптылығын көтерген артықтық етпейді.

Бұған қоса, жас мамандардың жұмысқа орналаса салып қомақты қаржы таппайтыны түсінікті. Көпшілігі болмашы жалақы үшін күндіз-түні еңбек етуге мәжбүр. Кейде осыншама

жұмыстың ақталмай қалуы әбден мүмкін. Соған орай, білімді, ойы озық жастарды қаржылық ынталандырудың тетіктерін жасаған маңызды. Сонда олар өзі оқыған кәсіпті тастап, табысы мол жұмысқа кетпейді. Жақсы жалақы іздеп өзге елдерге кетіп жатқан жастардың да шекара асуына осы айлығының аздығы түрткі болатыны жасырын емес.

Жастар жүрген жерде қозғалыс, жаңару болады. Жаңғырудың басында жастар тұрады. Сондықтан, білім алған, кәсіп менгерген жас буынның шетке кетпеуіне, өзге салаға ауыспауына көңіл аударып, нақты әрекеттер жасаған дұрыс.

Динара ТҮРСЫНҚҰЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң ғылымдарының кандидаты

– Қайрат Пернешұлы, жемқорлыққа қарсы күрес саласын талай жыл басқардыңыз. Бас прокурор да болдыңыз. Парлақорлармен пәрменді күрес жүргенімен, жемқорлықты неге жүгендей алмай жүрміз?

– Егемендікті ең алғаш жариялаған күннен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттің маңызды міндеті болып жарияланды. Бұл саладағы заңдарымыз, тәжірибеміз де халықаралық стандарттарға сәйкес жасалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы екі заң және екі мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Сыбайлас жемқорлыққа нақты құқықтық сипаттама беріліп, әкімшілік және қылмыстық жауаптылық бекітілді. Алдына алу мақсатында басқа да салаларды қамтыдық. Мысалы, түсіндіру мен ағартушылық жұмыстарына аса көңіл бөлінді. Ондағы мақсат – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жиіркеніш қалыптастыру еді. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарында арнайы дәрістер жүргізіліп, пәндер енгізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі алдыңғы қатарлы елдерге сарапшылар өз ұсынымдарын жіберіп, осы бағыттағы алыс және орта мерзімдегі мақсаттарды айқындауға атсалысты. Зерттеулер сол уақытта қоғамымызда тұрмыстық сыбайластықтың өте жоғарғы деңгейде екенін көрсетті. Алғашқы күш сол теріс құбылысқа бағытталды. Сол кезде қоғам тарапынан «Айран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылып жатыр» деген түрлі сын-пікірлер айтылды. Халықтың үніне құлақ астық. Өйткені, заң алдында бәрі тең. Бұл Конституцияда да көрсетілген. Азаматтық қоғам да жоғарғы шенді паракорларды ешбір қорқынышсыз әшкерелеуге көшті. Соның нәтижесінде жауапқа жоғары лауазымды тұлғалар да тартыла басталды.

Осыдан кейін, «мемлекеттік қызмет арқылы бақ-дәулетімді заңсыз көбейтемін» дейтіндер азиятын шығар деп ойладық. Бірақ ондай көрініс байқалған жоқ. Құзырлы органдарға халықтың сенімі төмендеді. Кресло арқылы байығысы келетіндердің көбеюіне кеңес дәуірінен қалған қасаң түсінік әсер етті. Ол кезде қаржылық экономика болған жоқ. Адамдар бақ-дәулетке жетудің жолын мемлекеттік қызметтен іздеді. Сосын үмітімізді шекара асып, шетел көріп келген жастардан іздедік. Зайырлы елдердің білімімен сусындаған жастарымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды қатар алып келеді деп сендік. Жастарды жаппай жоғары басшылыққа қоя бастадық. Өкінішке қарай, сенім артқандардың өздері көп ұзамай сыбайлас жемқорлыққа шатыла бастады. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәсілдер мен әдістерді жетілдіруге тура келді. Өйткені, жемқорлыққа қарсы күресте шетел білімі аздық ететінін түсіндік. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп әл-Фараби бабамыз айтпақшы, рухани бай, ары таза азаматтарды тәрбиелеу үшін шетел білімінен бұрын отбасылық құндылық пен отаншылдық сезімді оятуға күш салдық.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған жолдауында «сыбайлас жемқорлыққа аяусыз соққы ашамын» деп саяси жігерін білдірді. Осыған орай, жаңа стратегия мен заңдар қабылдануда. Оның нәтижесіне көп ұзамай куә болатындығымызға кәміл сенемін.

Жемқорлыққа қарсы иммунитет жанұядан басталу керек екенін үнемі айтамын. Жемқорлыққа жауапты адамдарды кінәлайтын қоғамның өзі де өзгеру керек. Себебі, көпшілік отбасында жемқорлыққа жол берген жақындарына кінә артпайды. Басқа

кезде жемқорлықты жегікүртқа теңеп, сыбайластыққа қарсы жұмыс тиісті деңгейде жүріп жатпағанын айтып сынап шығады. Басқаларға баға беруге асығады.

– Жемқорлықпен ұсталған адамдардың жазасы тым жеңіл екендігі, кесілген жазы мерзімі тез аяқталып, азын-аулақ айыппұлдың өтеп шығу оңай болып кеткенін айтатындар көп. Жемқорларға берілген жазы әділетсіз емес пе?

– Сыбайлас жемқорлық ауыр және аса ауыр санатына жататын қылмыстар. Сол себепті, бекітілген жазалар да қатал. Сотта қаралған істерді алып қарасаңыз, 25-40 адамға дейін, көп жағдайда ұйымдасқан қылмыстық топтар ретінде жауапқа тартылды. Олардың жасаған қылмыстарын әшкерелеу ұзақ уақыт пен мемлекеттік қаражаттарды талап етеді. Бірақ сол кездегі заң жемқорлықпен сотталған адамдарға залалды өтесе, шартты бостандыққа шығуға мүмкіндік берді. Бұл өткеннен сабақ алып, өз ісіне шын өкінген адамдардың санасын өзгертіп, түзелуіне мүмкіндік беру үшін берілген бап еді. Алайда, қоғамның жемқорларға деген көзқарасы мен бағасы басқа. Сол себепті жақында Президент шартты бостандыққа шыға-

Қайрат ҚОЖАМЖАРОВ, Парламент Сенатының депутаты:

«ЖЕМҚОРЛЫҚ ПЕН СОТТАЛҒАНДАРҒА КЕШІРІМ ЖОҚ»

руды күшсіз қалдырды. Енді жемқорлықпен сотталғандарға кешірім жоқ. Менің көзқарасым да солай.

– Жемқорлықпен жауапқа тартылған кісілердің өміріңізге қауіп төндірген кездері болды ма?

– Болды. Өзіме ғана емес, отбасыма да қауіп төндірді. Сол кездегі жағдайдың шет жағасын Мемлекет басшысы да білді. Алдын ала қабылданған шаралардың нәтижесінде қауіптің беті кайтарылды.

– Жемқорлықпен істі болғандар соңғы сәтке дейін өздерінің кінәсіздігін алға тартыды. Тергеу ісі зерттелмегенін айтатын соттар да бар. Бұл жемқорлықпен ұсталғандарды тергеу

Адамдар бақ-дәулетке жетудің жолын мемлекеттік қызметтен іздеді. Сосын үмітімізді шекара асып, шетел көріп келген жастардан іздедік. Зайырлы елдердің білімімен сусындаған жастарымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды қатар алып келеді деп сендік. Жастарды жаппай жоғары басшылыққа қоя бастадық. Өкінішке қарай, сенім артқандардың өздері көп ұзамай сыбайлас жемқорлыққа шатыла бастады.

ісі мен зерттеу жұмыстарының кемшіліктерін көрсетпей ме?

– Рас, ондай сын айтылады. Әрине күдікті адамның қылмысын әшкерелеу және сотта кінәліні табу оңай процесс емес. Себебі, қылмыскерді бас бостандығынан айырып, мүлкін тәркілеу оның ең басты Конституциялық құқықтарының шектелуіне алып келеді. Олардың бұзылмауына мемлекет кепілдік береді. Тергеудің сапасына соттың тарапынан сынның болуы өте маңызды. Сол үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы істер қа-



Қайрат ҚОЖАМЖАРОВ, Парламент Сенатының депутаты:

ралатын сот ашық түрде болуы керек. Сондай-ақ, Ата Заңымыз бен қылмыстық-процестік заңнамалар әр адамның өз құқығын қорғауына мүмкіндік береді. Кейбір істер бойынша сындар айтылып жатады, ол тікелей тергеудің сапасына байланысты.

– Жемқорлардың жегенін толықтай қайтара аламыз ба? Өйткені, бізде шетелдегідей тапқан табыстың түгел көрсететін жалпыхалықтық табыс декларациясы әлі қабылданған жоқ. Бұл да жемқорлардың жазадан құтылуына мүмкіндік беріп отырған жоқ па?

– Сыбайластықпен алынған дүниелікті дәлелдеу аса қиын емес. Егер

қайтару жөніндегі құқықтық келісімнің болуы шарт. Алайда Швейцария, Англия, АҚШ сияқты елдер ондай шартқа қол қоюдан бас тартты. Басты себеп – елдер арасындағы сот пен құқықтық жүйелердің айырмашылықтары. Сондықтан біздің қылмыскерлер екі ел арасында шарт жоқ мемлекеттерге қашуға тырысады.

– Шенеуніктердің елден қашуы оңай секілді көрінеді. Олай дейтініміз, ағайынды Рысқалиевтер құзырлы орындардың құрығына қалайша ілінбей қалды?

– Ол кезде Ақмола облысында әкім болдым. Сондықтан бұл жағдайға сырттай баға бере алмаймын.

– Қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін елдің қауіпсіздігіне қатысты күмән көбейді. Қыруар қаржы бөлініп жатқан қос саладағы кемшілікті қайдан іздесек болады?

– Қауіпсіздікке менің де қатысым бары рас. Кезінде Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы болдым. Қазақстанның күш-қуаты кез келген қатердің бетін кайтаруға жетеді. Өткендегі жағдайда өз күшімізбен террорларға тойтарыс бере алар едік. Өкінішке қарай, соңғы жағдайда қауіпсіздікке мемлекетімізге жасалған сақындық салқынын тигізді. Білікке шабуыл жасалды. Ол бойынша қазір тергеу жүргізіліп жатыр. Нәтижесін күтейік.

– Қамалғандар арасында қорлық көргендер де көп. Олардың зарын тыңдап жатырсыздар ма?

– Әрине, өзіме де талап-арыздар түсіп жатыр. Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігімен әрбір іс бойынша тікелей жұмыс жасап жатырмын. Әрбір арыз аяқсыз қалмайды, барлығы тіркеліп, тергеліп жатыр. Азаптауға, қорлау фактілеріне жол берген лауазым-

ды адамдар жауапқа тартылатындығы сөзсіз.

– Жаңа Қазақстандағы жемқорлық пен қауіпсіздік саласына қандай реформа керек?

– Сыбайлас жемқорлықпен күресте халықтың санасын ояудан бастап заңдарымыздың сапасын да сатылай көтере беру керек. Халықтың сенімін ояту үшін әрбір азамат ырыс-дәулеттің әділетті түрде бөлініп жатқанына көз жеткізуі тиіс. Сыбайластыққа тәрбиенің таздығы мен білімнің жоқтығы да теріс әсерін тигізеді.

– Соңғы сұхбатында Президент мемлекеттік қызметтегі лауазымды басшылыққа өмірлік тәжірибесі, білім мен біліктілігі сәйкес келетін адам келу керекін айтты. Елбасы да бұрын осыны жеті айтатын. Бірақ елдегі ықпалды тұлғалардың туған-туысы, балалары бірден басшылық қызметтен көрінетінін көріп жүрміз. Қалай ойлайсыз, бұл үрдіс дұрыс па?

– Кезінде мемлекеттік қызметке қатысты қабылданған заңда сатылап өсу, емтихан арқылы қабылдайтын ережелер болды. Өкінішке қарай, былтыр сол заңның күшін жойдық. Өмірлік тәжірибесі мен біліктілікке баға беретін меритократиялық қағидатты қажетке жаратпадық. Осындай заңмен жұмыс істеп жатқан Сингапур мемлекеті жұртта қалған жоқ. Алайда, мемлекет даму жолында әртүрлі мемлекеттік қызмет түріне қажетті болады.

– Біздегі лауазымға тағайындауды шахматтық тақтасына ұқсастуға болады. Этника қайшы әрекетімен есте қалғандар да жауапты қызметтерге қойылып жатады.

– Меніңше, мемлекеттік қызметкердің жұмысына объективті баға беретін жаңа жүйе керек. Көп елдерде бұл бар. Бізде тек элементтері ғана бар. Бағалау жүйесі лауазым иесінің нақты жетістіктері мен кемшіліктерін қамту керек және халықтың тұрмыс жағдайымен тікелей байланыста болуы қажет. Бұл жағдайға Мемлекет басшысы өз сұхбатында аса назар аударды.

– Мемлекеттік қызметтегі лауазымды басшыларға мемлекеттік тілді міндеттеу керек пе?

– Мемлекеттік лауазымға тағайындалатын адам мемлекеттік тілді білуі тиіс. Ондай талап та бар. Бірақ тіл білмегені үшін орнынан босатып жатпаған соң, тілді үйренуге асықпайды. Отыз жылда өз тілін үйренбеген өз қазағыма қарным ашады. Елімізді көркейтудің тағы бір шарты ұлтшылдық пен патриоттық сезімге де байланысты.

– Сізді қазіргі қоғамда қандай сұрақ жеті мазалайды?

– Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуы толғандырады. Біз алпаят елдердің арасында тұрған мемлекетпіз. Кімнің күші мықты, сол билік жүргізіп отыр. Осындай жағдайда ішкі-сыртқы қауіпсіздігімізден қауқар кетсе, егемендікке сызат түседі. Қазір өз елімізде жүріп, осы қауіпті сезінбей жүрміз. Елі мен жері жоқ қанша ұлт бар. Олар нағыз мүсәпір. Екінші, қазақ тілінің болашағы мазалайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында туылған нәрестелер ана тілін білмей өсіп келе жатқанына алаңдаймын. Қазақ тілін білмеген адам қазақтың жанын түсінбейді. Үшіншісі, жастардың жаппай шетелге кетуі. Оқысын, ол үшін жағдай жасап жатырмыз. Өкініштісі, олар да жайлы өмір үшін тағдырын өзге елмен байланыстыратын болды. Бірақ үміт те жоқ емес. Себебі, біздің қазақ сабырлы, ақылды, айбынды, сөзге тоқтайтын халық. Қазақтан асқан ақылды халық жоқ.

Сұхбаттасқан
Жадыра МҮСІЛІМ

КӨКЖИЕК

2020 жылдың 22 маусымынан бастап соттар жұмысының заманауи форматтарын енгізу туралы, қажетсіз сот процестері мен шығындарды азайту, процессуалдық әрекеттерді оңтайландыру және сот өндірісін одан әрі цифрландыру мәселелері бойынша ҚР Азаматтық процестік кодексіне енгізілген өзгерістер күшіне енді.

АПК-нің 187-1-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес «Іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ, куәлер, сарапшылар, мамандар, аудармашылар осы кодексте көзделген тәртіппен жаңа мүмкіндіктерге ие. Сот талқылауы бары-

сында материалдық және цифрлық ақпарат жеткізгіштері бар техникалық құралдарды пайдалана отырып, істі қарау барысында туындаған мәселелер бойынша қажетті ақпарат алу, ақпараттық және құқықтық жүйелерге, интернет-ресурстарға қолжетімділік құқығына ие бола алады. Іс үшін маңызды бар өзге де мән-жайларды анықтау, сондай-ақ, сот отырысының барысын жазып алу мүмкіндіктерін пайдалануға құқылы.

Сот талқылауы барысының дыбыс-бейнежазбасы, кино және сурет түсірілімі осы кодекстің 19-бабы жетінші бөлігінің қағидалары бойынша жүзеге асырылады, осы кодексте белгіленген техникалық құралдарды пайдалану тәртібін сақтамау

САНДЫҚ ФОРМАТ

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТЫ АЗАЙТТЫ

да жауаптылыққа тартуға негіз болып табылады. Ақпараттар мен қолда бар мәліметтерді заң шеңберінде қарастыру ұсынылған.

Сот талқылауы кезінде техникалық құралдарды пайдалануға тек соттың рұқсатымен және іске қатысушы адамдардың келісу-келіспеуі пікірін ескере отырып жол беріледі. Бұл іс-әрекеттер сот отырысының қалыптасуына кедергі келтірмеуі керек және оны сот мерзімінде шектеуі мүмкін.

Қазіргі таңда сот отырысына шақырылған тұлғалар, яғни куәлер, талап қоюшы, жауапкер, олардың өкілдері, сарапшы мамандар белгілі бір себептермен сот отырысына келе алмайтыны анықталса, онда бейнеконференция байланысы

арқылы онлайн режимде сот отырысына қатысып, сот төрелігін қашықтан жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Осындай озық технологияларды сотта іс қарау барысында қолдану сот жұмысын жеңілдетеді, азаматтардың сотқа деген сенімін арттырады, сот шығындарын азайтады және уақытты үнемдейді. Істер ұзаққа созылмай уақытылы қаралып шешілуіне, қағазбастылықтан арылтып, процессуалдық мерзімдердің сақталуына септігін тигізуде.

Гүлмира НИЯЗБАЕВА,
Түпқараған аудандық сотының кеңес меңгерушісі
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

САРАП

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданған соң бұл салада біраз ілгерілеушіліктер орын алды. Азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер жиынтығы бекітілді.

ТАРАПТАРҒА ТАТУЛАСҚАН ПАЙДАЛЫ

Жоғары тұрған орган мен сотта билік органдары азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгіледі.

Әкімшілік сотта бүгінге дейін, жалпы юрисдикциялық, сондай-ақ, экономикалық және азаматтық соттарда қаралып келген мемлекеттік орган мен заңды тұлғалар, азаматтар арасындағы әкімшілік даулар қаралды.

Мемлекеттік органның шешімімен келіспеген азаматтар осы сотқа талап арызбен жүгіне алады. Мемлекеттік орган сотта өз шешімінің, әрекетінің немесе әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуге тиіс.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 120,121-баптарында, татуластыру рәсімдері, сотта медиация жүргізу тәртіптері қарастырылған.

Сот (судья) тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Кодекстің талабына сай, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Жауапкердің әкімшілік қалауы дегеніміз не?

Әкімшілік қалау – әкімшілік органның, лауазымды адамның ҚР заңнамасында белгіленген мақсаттарда және шектерде заңдылығын бағалау негізінде ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі.

Заңнаманың талабына сай, тату-

ласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды.

Мұндай келісім мәжбүрлеу тәртібімен орындалушылық талаптарға сай келуге және тараптарды татуластыратын шарттарды, сондай-ақ, сот шығыстарын, оның ішінде өкілдер көрсеткен қызметке ақы төлеуге арналған шығыстарды бөлу тәртібін қамтуға тиіс.

Заң талабына сай, келісім шарттары заңға қайшы келмеуі және басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбауы тиіс. Сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу жөніндегі келісімді бекіту туралы өтініш хатын сот отырысында немесе алдын ала тындауда қарап, оны бекіту не одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Әрине, дауласушы тараптар мұндай келісімді ерікті түрде орындауы тиіс. Ал егер орындалмаса, ол келісім жасаған адамның өтініш хаты бойынша сот беретін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Осы санаттағы істер бойынша татуласу рәсімдері бірінші сатыдағы, апелляциялық және кассациялық сатыдағы сотта да жүргізіледі.

Судья-медиатордың негізгі міндеті туындаған дауды шешу кезінде екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады.

Қазіргі таңда әкімшілік сотта мемлекеттік органдар мен және сот орындаушылардың іс-әрекетіне берген



шағымдар бойынша даулар медиация рәсімімен реттеліп жатыр.

Бірақ әлі де мемлекеттік мекемелердің тараптарында бағыттық жетіспеуді, мемлекет органдарының өкілдері өз тарапынан шешуге құқылары жоқ. Татуласу мәселесін әкімшілік органның, лауазымды адамның шешімдерінен кейін ғана білдіре алады.

Әкімшілік сотта ең жақсы көрсеткіштер сот орындаушылардың іс-әрекеті бойынша туындаған даулар бойынша медиация тәртібін рәсімдеу жақсы жетістіктерге жетіп отыр. Оның негізгі себебі, судья-медиатор алдын ала іс бойынша өз пікірін айтып, заңсыз немесе негізсіз әрекет жасалғанын білдіреді. Соның салдарынан тараптар дауды тез шешуге атсалысады. Жеке сот орындаушы ешкімге бағынышты емес, заң талабымен әкімшілік акт қабылдауға құқылы.

Дауласқандардың бітімге келуі сотқа да, халыққа да тиімді екенін түсініп, дауларды сотқа жеткізбей-ақ бітімгершілікпен шешу мәселесіне бәріміз атсалысқанымыз жөн.

Әсіресе, мемлекеттің лауазымды адамдардың жаңа қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің мақсатын, мағынасын жете түсініп, тәжірибеде қолдануы азаматтардың құқықтарын қорғаудағы ең тиімді тетіктер болар еді.

Бағдагүл БИЯХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан қаласының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

АЛИМЕНТ ТӨЛЕ!

Неке-отбасы заңнамасында негізделетін қағидаттардың бірі – кәмелетке толмаған балалардың және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балалардың құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау болып табылады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 138-бабына сәйкес ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды.

Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға өз еркімен көмек көрсетпеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады, содан кейін сот атқару құжатын жазып береді және орындау үшін сот орындаушысына ұсынады. Өкінішке қарай, алимент өндіріп алу туралы атқарушылық өндірістердің саны жыл сайын артып келе жатқанын атап өткен жөн.

Мәселен, 2020 жылы Ақмола облысының жеке сот орындаушыларының орындауында – 11172 атқарушылық құжат болса, 2021 жылы – 12 141 құжат болды. Барлық алимент төлемдері бойынша берешекті өндіріп алу алимент төлеушінің жалақысынан және басқа да табыстарынан жүргізіледі.

Алимент бойынша берешектің мөлшерін сот орындаушысы өндіріп алу жүргізілмеген уақыт ішінде борышкер алатын нақты жалақыны (кірісті) негізге ала отырып, шешім орындалатын болады.

Жанар АБУЛКАСИМОВА,
Ақмола облысы аумақтық
Жеке сот орындаушылар
палатасының төрайымы

КИЕ

ТІЛ – ТҰҒЫР

Тіл – халықтың жаны, ұрпақтан ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы. Бұл ретте ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген дана пікірін ерқайсысымыз бойтұмар етуге тиіспіз.

Түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіретін, сөздік қоры өте бай және аса құнарлы тіліміз тәуелсіз елімізде қолданылу өрісін кеңейте түсті. Мысалы, Ақтөбе облысының Хромтау ауданында бұрын халқының басым бөлігі өзге ұлт өкілдері болуына байланысты көпшілігі ресми тілде оқитын балалардың қазіргі таңда 71,5 пайызы қазақ тілінде оқиды (8217 оқушының 5839-ы).

Биліктің үшінші тармағы – сот жүйесінде де мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге батыл қадамдар жасалауда. Хромтау ауданында тұрғылықты халық негізінен қазақтар болғанымен, іс қағаздары, көрнекі ақпарат сілтеме құралдары қазақ және орыс тілдерінде қатар толтырылады.

Ұрпақ санасына тілімізді сіңіру үшін отбасында өзіміз қазақша сөйлеп, тәрбиелік тағылымы зор салт-дәстүрлерді насихаттауға, балалардың қазақша көркем әдебиетті, мерзімдік баспасөзді оқуына, телеарнадан ана тіліміздегі бағдарламаларды көруіне мән беруге тиіспіз.

Асқар БИСЕНҒАЛИ,
Хромтау аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚАЗЫНА

ТҰТАСТЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Еліміздің Ата Заңында биліктің қайнар көзі халық деп көрсетілсе, сол халықтың тұтастығын сақтайтын – тілі.

Еліміздің сот жүйесі мемлекеттік тіл – қазақ тілін игеруге, одан әрі дамытып, нығайтуға өз үлестерін қосып келеді. Жәнібек аудандық сотының өндірісіне келіп, түсіп жатқан арыздардың көбі қазақ тілінде. Соттың күнделікті қызметінде іс-құжаттар мемлекеттік тілде дайындалады. Соттағы сот қызметкерлерімен өткізіліп тұратын дәріс семинар сабағы және жедел кеңес отырыстары, іс-шаралар мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сонымен қатар, қылмыстық, азамат-

тық және әкімшілік істер қай тілде сотқа берілсе, сот өндірісі сол тілде қаралады. Аудандық соттың жұмыс жоспарында мемлекеттік тілді дамыту мен жандандыру мақсатында арнайы шаралар өткізу, құқықтық насихат бағытында басылым беттерінде мақалалар жариялау қарастырылған.

Жемис МАХСОТОВА,
Жәнібек аудандық сотының
бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМДЫ ТЕЖЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың берік те, басты ұстанымының бірі.

Қазіргі таңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнамаға, сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқықбұзушылықтары үшін жауапкершілікті қатайтып, процессуалдық заңнамаға бірнеше рет өзгеріс жасалды. Мүлкті тәркілеу, өмір бойы мемлекеттік лауазымды қызмет атқару құқығынан айыру секілді қатаңдатылған шаралар да қарастырылды. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үрдісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту қадамын тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізіп, елдің дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күрес тоқтамайды. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін Қылмыстық кодексе, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексе, Еңбек кодексі, Ар-намыс кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы сияқты негізгі нормативтік құқықтық актілер бар.

Заңнамалардың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Сыбайлас жемқорлық салдарынан туындайтын қауіп қатерден сақтау. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу.

Мемлекеттің дамуын тежеп, мүддесіне нұқсан келтіретін жемқорлық факторымен жалпы қоғам болып күрескен жөн.

Азамат БӨКЕШ,
Алматы қаласы Медеу ауданы
№2 сотының жетекші маманы

БІЛГЕН ЖӨН

МЕМЛЕКЕТТІК БАЖ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ

Салық кодексінің 608-бабына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға заңдық мән бар әрекеттер жасау жөнінде өтініш жасайтын тұлғалар мемлекеттік баж төлеушілер болып есептеледі.

кодексінің 616-бабы соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылуға жататын тұлғалардың толық тізбесін қамтиды. Тұлға мүлктік жағдайы бойынша мемлекеттік баж төлеуден босатыла алмайды.

Мемлекеттік бажды төлеуге арналған төлем түбіртек түпнұсқада ұсынылуға тиіс екенін атап өту қажет. Өтінішті электрондық түрде берген кезде, төлем құжатының көшірмесін ұсынуға болады, бірақ кейіннен түпнұсқасын беру керек.

Мемлекеттік бажды төлеу, түбіртектің төлем тапсырмасының, чектің және мемлекеттік баждың төленгенін растайтын басқа да қағаз немесе электрондық құжаттардың болмауы өтінішті қабылдаудан бас тартуға, демек, оны қараудан бас тартуға негіз болып табылады.

Егер осы кодексте өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік баждың тіркелген пайыздық мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік бажды төлеу күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшері негізге алына отырып есептеледі.

Салық кодексінің 610-бабы 1-бөлігінің 12-тармағына сәйкес сот шешімдерінің, үкімдерінің, ұйғарымдарының, соттардың өзге де қаулыларының көшірмелерін (телнұсқаларын), сондай-ақ, іске қатысты тараптар мен басқа да тұлғалардың өтінімі бойынша соттар беретін істің басқа да құжаттарының көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан әрбір құжат үшін 0,1 АЕК, сондай-ақ, әрбір дайындалған бет үшін 0,03 АЕК құрайды. 2022 жылға АЕК 3063 теңге сомасында белгіленді.

Айнара ИЛЮБАЕВА,
Ақмола облысының қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық
сотының бас маман



Сотқа жүгінген кезде Салық кодексінің 609-бабы 1-бөлігінің 1-тармағына сәйкес мемлекеттік баж мынадай әрекеттерде алынады: – сотқа берілетін әкімшілік талап қоюлардан, талап арыздардан, ерекше талап қою ісін жүргізу арыздарынан, ерекше іс жүргізу істері бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы арыздардан, атқару парағының телнұсқасын беру туралы арыздардан, төреліктің және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға атқару парактарын беру туралы арыздардан, төрелік шешімнің күшін жою туралы өтінішхаттардан, сот актілерінің, атқару парактарының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздардан.

Мемлекеттік баж төлеуден босату заңның тікелей көрсетуіне байланысты ғана мүмкін болады. Салық

ДЕНСАУЛЫҚ

АУЫЗ СУДЫҢ САПАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Су – біздің өміріміз бен денсаулығымыздың қайнар көзі, ол адамдарға және басқа да тіршілік иелеріне өмір сыйлайды. Біздер өзіміз қолданып жүрген ауыз су туралы не білеміз?

Ауыз судың-органолептикалық қасиеттері (ісі, дәмі,мөлдірлігі т.б) және химиялық құрамы адам организмі үшін қауіпсіз болып табылады. Адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді. Осыған байланысты ауыз суға келесі санитариялық талаптар қойылады:

1. Органолептикалық қасиеттері жағымды, мөлдір, түссіз болуы және суға тән емес ешқандай бөгде дәм мен иістің болмауы;

2. Адам ағзасына зиянды әсерлерді беру қабілеті бар тұздар мен уытты заттардың шамадан артық мөлшерде болмауы;

3. Патогенді қоздырғыштардың, гельминттердің жұмыртқалары және личинкаларының болмауы.

Олардың негізгілері: ісі мен дәм көрсеткіші 2 балдан аспауы керек; түсі 200-тан төмен, мөлдірлігі 30 см-ден артық; лайлығы 2 мг/л-ден аз, кермектілігі 7 – 100 ммоль болуы керек. Ауыз судың кермектігін анықтайтын кальций, магний тұздары аз болса, адам сүйегінің морттылығы өсіп кетеді. Фтордың ауыз судағы мөлшері 0,7 – 1,5 мг/л-ден төмен болуы – флюороз және кариез, темірдің, кобальт, мыстың жетіспеуі – анемия, бордың аз болуы – асқазан, никельдің кем болуы – көз ауруларына шалдықтырады. Ауыз судың температурасы 8 – 150С аралығында, минерал-



дығы 1 г/л-ге дейін болуы тиіс. Ауыз суға сондай-ақ, нитраттар мен нитриттердің мөлшері, 1 литр судағы ішек таяқшаларының саны (коли-индекс) бойынша т.б. талаптар қойылады.

Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі ауыз судың сапасына қойылатын талаптар санитарлық қағидалар талаптарында көрсетілген. Осы стандартқа сәйкес ауыз су эпидемиологиялық және радиациялық тұрғыдан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және жағымды органолептикалық қасиеттері болуы керек.

Қазіргі таңда санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары, мониторинг жүргізу арқылы жергілікті тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында ай сайын микробиологиялық және санитарлық-химиялық зерттеуге сынамалар алынууда. Зерттеу қорытындылары бойынша санитариялық талаптарға сай екендігі анықталуда.

Адам қолданатын ауыз судың эпидемиологиялық жағынан сапасы талапқа сай болмау та-

биғаты бактериялды ішек жұқпалары ауруларына тырысқақ, іш сүзегі, А және В паратифтер, дизентерия, әртүрлі энтериттер мен энтероколиттердің таралуының басты факторының бірі болып табылады. Осы су арқылы берілетін аурулардың халық арасында таралуының алдын алу үшін төмендегі шараларды іске асырған жөн:

- ауыз судың сапасына үнемі санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жүргізу;
- қайнатылған ауыз суын пайдалану;
- ашық су көзіне шомылғанда сақтық шараларын жасау;
- кез келген ашық су көздеріне шомылмау;
- жеке бас гигиенасын сақтау;
- ашық су көздерінің санитарлық қорғау аймақтарын қатаң сақтау;
- балалар мекемелерінде эпидемияға қарсы шаралардың жүргізілуін қадағалау;
- зиянды, ластанған суларды залалсыздандыру;
- ашық су көздерінің сапасын үнемі қадағалау.

Дархан СИСЕНОВ,
Алатау аудандық санитарлық-гигиеналық бақылау басқармасының басшысы

Қарлығаш ЕШМУРАТОВА,
Алатау аудандық санитарлық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің жетекші маманы

ЖАҢАЛЫҚ

«Е-Өтініштің» ақпараттық артықшылығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде былтыр Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілді. Аталмыш құжат аясында енді азаматтардың мемлекеттік құрылымдарға жазған арыз-өтініштері «Е-Өтініш» базасына енгізіледі. Жаңа ақпараттық жүйе тұрғындардың өтінішіне немқұрайлы қарап, мардымды жауап бермеген басшыларды дер кезінде анықтап, тиісті шара алуға мүмкіндік береді.

«Е-Өтініш» ақпараттық жүйесінің тиімділігі көп. Бұл сервис өтініштерді автоматты түрде бөлуге, мемлекеттік құрылымдар арасында сауалдар санын оңтайландырып, өтініштерді қарау мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді. Бұрын тұрғындар тарапынан түскен арыз-шағымдар 30 күнге дейін қаралатын болса, қазір 15 күн ішінде жауап беріледі. Сондай-ақ, өтініш берушімен кері байланыс орнатып, мемлекеттік органдардың жұмысына баға беруге жол ашатын оларға түскен өтініштердің бәрін бірінші бағасын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі өтініш берушімен кері байланыс орнатып, мемлекеттік органдардың жұмысына баға беруге жол ашатын бірегей жүйе. Жүйе арқылы мемлекеттік органдардың жауабына міндетті түрде жүйелі талдау жүргізіледі және жұмысты жауапсыз қалдыру ісін алдын алып, өтініштерді қараудың бірінші тәжірибесі жолға қойылды.

Гүлжихан АМАНТАЕВА,
Бәйтерек аудандық соты кеңсесінің меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

Ұрып-соғу жиілеп тұр

Елімізде отбасы тұрмыстық қатынастарға қатысты заң бұзушылықтар өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оның басты себебі – маскүнемдік, жұмыссыздық, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, түсініспеушілік.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта қоғамның белсенді дамуына қарамастан әйелдерге қатысты отбасылық зорлық-зомбылық фактілері тыйылар емес. Сонымен қатар, ұрып-соғу фактілері тек отбасында ғана емес, ауыл ішіндегі азаматтардың арасында да жиі кездесіп жүр. Олар ішімдіктің, өзге де тұрмыстық себептердің кесірінен бір-біріне зәбір көрсетіп, қол жұмсап, жаралауда.

Отбасындағы кикілжіңнің орны тіпті бөлек. Оның соны шаңырақты шайқалтып балалардың берекесін кетіреді. «Әйел бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербетеді» – деген қазақтың ғажап сөзінен өкінішке қарай қадір кетті. Оған белгілі бір себептермен әйелдер де кінәлі. Қазір қазақтың өрімдей арулары төбелесіп, әртүрлі әкімшілік жауапкершілікке тартылып жатады. Мұны көріп, іштей қынжыласың. Алақандай ауылда осындай оқиғалардың болуынан қылмыстық істердің тіркелуі, жақсы нәрсе емес.

«Тәрбие – тал бесіктен» деп жатады бабаларымыз. Отбасында сыйластықты, көңіл жарасымды көріп өскен бала ғана өскенде ешқандай тәртіпсіздікке бармайтынына сенімдімін.

Гүлдерайым ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫ,
Жаңақала аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СЕМІЗДІК: БАЛАҢЫЗДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНДІРМЕҢІЗ!

Бүгінгі таңда толық балаларды жиі кездестіреміз. Семіздік қоғамдық денсаулық сақтау саласының күрделі мәселесі ретінде танылып отыр. Әсіресе, өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығына семіздік зор зиян келтіреді. Семіздіктің себебі неде екенін білеміз бе?

Қазақ тағамтану академиясының мәліметтері бойынша артық дене салмағы немесе семіздік, орташа шамамен алғанда, 14 жасқа дейінгі балалардың 15,3% құрап отыр. Бұл дегеніміз – әрбір 7-ші бала семіздікке шалдыққан. Семіздіктің қауіптілігі – оның көптеген созылмалы жұқпалы емес аурулардың (СЖЕА) пайда болу қаупін едәуір арттыруында. Мысалы: созылмалы жұқпалы емес аурулардың ішінде диабеттің 44%, жүректің ишемиялық ауруы, жүрек-қан тамыр аурулары, ортопедиялық мәселелердің жиі пайда болуы, психикалық бұзылыстар мен денсаулықтың басқа бұзылыстары, артериалдық қысымның көтерілуі, бауырдың май басуы ауруларына шалдыққандығы дәлелденуде.

Семіздіктің яғни, толықтықтың 98% жағдайының себебі салауатты емес өмір салтында, қимыл белсенділігінің төмендігінде және артық жеуде екендігі болып отыр. Адамның тағаммен алатын

энергиясы шығындайтын энергиясынан көп болғанда оның қолданылмаған бөлігі организмде май түрінде жинақталады. Бұл бастапқыда артық дене салмағына (семіздік алды), одан кейін, егер адам рационның калориялығын уақытында азайтпаса және дене белсенділігін арттырмаса, семіздік басталады.

Бүгінде калориясы жоғары және құндылығы төмен көптеген өнімдердің пайда болуымен де байланыстыруға болады. Мұндай өнімдерге қант, кондитерлік өнімдер, жоғары сұрыпты ұннан жасалынған пісірмелер, түрлі фаст-фудтар, қанттың мөлшері жоғары зауыттық сусындар (лимонад, кола, т.б.), тұз бен қанттың мөлшері жоғары болатын технологиялық өңделген өнімдер – шұжық, паплеттер, маргаринге иленген қатпарлы қамыр жатады.

Сондай-ақ, балалар теледидардың немесе компьютердің алдында сағаттап қозғалыссыз отыратындығы, бейнеойындар ойнауға немесе ғаламторды шарлауға көп уақытын жіберетіндігін бәріміз көзімізбен көреміз. Осы мезетте чипсілерді, кытырлақ таяқшаларды, қуырылған жанғақшаларды, үлпектерді, ұсақ печеньелерді жеп отырады. Тәтті сусындарды да қоса ішеді. Сонымен қатар, жоғары қабатқа көтерілу үшін лифтіні қолданамыз,

жеке немесе қоғамдық көлікпен жүреміз. Құрметті ата-аналар, Қауіпті азайтайық.

Семіздіктің алдын алуды ерте балалық шақтан бастайық. Бұл дегеніміз – балаларды салауатты өнімдерді тұтынуға үйрету, дұрыс тағамдық талғамды қалыптастыру. Отбасындағы тамақтану дәстүрін өзгертіп, отбасы мүшелерінің барлығының денсаулығын нығайту және дене шынықтыру жаттығуларымен үнемі айналысу өз қолымызда екенін ұмытпайық.

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдауында балалар біздің болашағымыз деген ұранды сөзін еске ала отырып, денсаулығы мықты азаматтардың өсіп жетілуі мемлекеттің сау әлеуетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын естен шығармайық. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайтуға салауаттылық дағдыларын қалыптастыру аса маңызды.

Анар САДЫРБАЕВА,
Алатау аудандық санитарлық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің бас маманы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2.«Denta Жолман» ЖШС, БСН 141140021105, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау обл., Жаңаөзен қ., Самал ш/а, 16 үй, 13 п. Тел. 87784432240

3. Ломбард «Еркебұлан» ЖШС БСН 170940007240 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қ., Самал ш. а, 35 үй, н. п. 2 тел.: 87713321926.

5. «Қашақбай» ЖШС-і (БСН 000740010379) – өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Құмжіек ауылдық округі, Пірімов ауылы.

8. «Региональный институт последипломного обучения врачей» ЖШС Атырау облыстық филиалы, БСН 210540007751, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Баймаханов көшесі, 39 үй.

ӨРТУРА

7. Павлодар облысы Ақсу қалалық сотына, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, М.Әуезов көшесі, 47 үй, 60 пәтерде тұратын Колпакова Светлана Георгиевна мен Колпаков Виктор Сергеевичтен, Павлодар облысы, Ақсу қаласында 26.01.1993 жылы туған Колпакова Ирина Сергеевна қайтыс болған деп тану туралы өтініш түсті. Осы азаматтың тұрған орны туралы ақпараты бар барлық тұлғалардан, Ақсу қалалық сотына үш ай ішінде 87183765179, 87183750487, ұялы: 87072441982 телефон нөмірлері арқылы хабарлау сұралады.

9. Қазақстан Республикасы Түркістан облысы,Отырар ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Отырар-Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, БСН 110940013511, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР,Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы, Жібек Жолы даңғылы №14 ғимарат.

МҰРАҒЕРЛІК

4. 15.11.1947 ж. туылған азаматша Култаева Балдығыз 08.02.2022 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылған. Барлық мұрагерлерін, Түркістан облысы, Мактаарал ауданы, Мырзақент кенті, Т.Мадиходжаев көшесі, №15 ғимарат мекенжайында орналасқан нотариус Жолдасов Динмуханбет Алданиязовичке хабарласуын сұраймын.

6. 2021 жылы 26 тамызда қайтыс болған Зақария Нуржановтың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 ықш. ауд. 75 үй, 5 кенсе нотариус А.А.Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

10. 26.03.2011 ж. қайтыс болған 08.03.1932 ж.т. Алмасбаева Жаксигульдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 3В үй мекенжайы бойынша нотариус М.К. Бердалиеваға келуі қажет. Тел.: 87027727222.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупицкая көшесі,61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Теле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Қырық күн шілденің аптабы артта қалып, қалада қыркүйектің жаңа жайлы мизам шуағы орнаған. Мизам шуақтың келуі мезгілдің оларға тұсы. Жыл он екі ай лекілдеп соғатын да тұратын лақуа желдің бір мезгіл тыным табатын кезі де осы. Содан ба қызылордалықтар жаз бен қыстың, ыстық пен суықтың аралығындағы айға толмас осы бір жайлы мезгілде рақат күйі кешеді. Осы рақаттың бұзылмауын әркім де тілер еді.

Облыстық Ішкі істер басқармасының бастығы, полиция полковнигі Тастемір Рахимов қызмет кабинетінің терезесінен тысқа көз тастап тұрып балалық шағы өткен Әндіжан қаласын еске алды. Кеудесін бір сағыныш кернегендей. Жыл сайын дәл осы мизам шуақ кезінде Әндіжанды ойлайды. Әндіжан, әсіресе, күзде ерекше. Күзгі Әндіжан берекенің, тоқшылықтың белгісіндей.

Тәтті ойын кенет шырылдай қалған телефон қоңырауы бөліп жіберді.

– Алло, тыңдап тұрмын! – Тұтқаның арғы жағындағы адам жайсыз хабар жеткізді ме, қабағы түйіліп бара жатты. – Түсінікті. Орынбасарлар тез жетсін!

Тұтқаны орнына қоя бергені сол екен, кабинетке рұқсат сұрап жедел істер жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі Ғалымжан Ахметов кіріп келді. Артынша тергеу ісі жөніндегі орынбасары Бақыт Көпенова, әкімшілік полиция жөніндегі орынбасары Ғазымбек Алпысбаев, криминалды полиция қызметінің бастығы Серікбол Тұңғышбаевтар сау ете қалды.

– Естіген шығарсындар, – деді Тастемір Сауранбайұлы орынбасарларына жағалай қарап. – Қызылорданың тарихында болмаған қылмыс. Бұндай жаман әдет жұққыш келеді, тез өршиді. Сондықтан қалай да жолын кесу керек. Әйтпесе біздің бұған дейінгі жұмысымыз нөл болғаны. Осы іске байланысты жедел тергеу тобын басқаруды Ғалымжан Ахметұлына тапсырамын. Сіздер өз салаларыңыз бойынша жинаған мәліметтеріңізді, ақпараттарыңызды тікелей маған және Ғалымжан Ахметұлына баяндап отырарсындар. Ғалымжан сол мәліметтер бойынша жұмысты үйлестіруі тиіс.

Әңгіме қысқа болды. Тапсырма алып тысқа беттеген орынбасарлардың ойында не барын қайдам, ал Тастемір Сауранбайұлының іші аласапыран. «Бұрын республика көлемінде бірден-саран болса болған шығар бұндай қылмыс. Ал Қызылорда өзіндік жағымды менталитеті бар, өзіндік тәрбиесі, өнегесі бар өзгеше облыс емес пе? Қалайша бұлай болды?» деп толғанды.

Қоғам өзгерген сайын қылмыстың да түрі өзгеріп бара жатқанын іші сезеді. Күнкөріс төмен. Әсіресе, жастар жағы жұмыс таппай сендей соғылысады. Ұрлық-қарлықтың көбейетіні де содан болар. Осы жыл басында Төретам стансасынан пойыздан түсіп, Байқоңырға бара жатқан Кузин деген ресейлікті келінісімен қоса қолындағы екі сөмке зат үшін өлтіріп кеткен де жағдай болған. Екі сөмке көр-жер бұйым үшін адам өлтіруге сен не сұмдық!? Екі сөмке ақша болса бір жөн. Бұл да қылмыстың әлеуметтік жағдайға бейімделуінің бір түрі.

Күнкөріс нашар демекші... ойына бір оқиға сап ете қалғаны. Бірер жыл бұрын ғой. Жалағаштық кәсіпкер жігіт Ақтөбе жақтан үш машинаға толтырып қапталған бидай әкеле жатыр екен. Аралға келгенде түстеніп алмақ боп асханаға тоқтапты. Жүрек жалғап шықса, сонғы машинадағы бидайдың бір бұрышы опырылып қалыпты дейді. Әлдекімдер тасып әкеткен. Ойбайлап полицияға шағымданбай ма. Полиция дереу іске кірісіп, із кеседі. Қап текіс болды ма, болар-болмас бидай шашылған екен, соны қуалап бір үйге жетсе, алдарынан шиегетей бала өріп шығыпты. Шетінен көздері бақырайған. Шетінен арық. Өлденені ашқарақтана күйсеп, жеп жүр дейді. Сөйтсе, шешелері әлгі ұрпаған бидайдың біразын қуырып үлгеріпті. Соны көрген кәсіпкер жігіт енді полицияға жаға кеп жалынатын көрінеді, қоя сал, арызымды қайтып алам деп. Қайтсін-ай, аяған ғой.

Енді ол Ғалымжан Ахметұлы туралы ойлап кетті: «Шаршамайтын, ылдидан шауып, тосқа озған алғыр жігіт» деп. Оны бұрыннан, прокуратура қызметкері кезінде біледі. Ісіне тиянақты. Ізшіл. Кешкілік берген тапсырмаңды ертеңіне азданда тап-тұйнақтай етіп орындап келеді. Бірде,

осы Ғалымжанға қатты айтуға тура келгені. Күйіп тұрған жұмыс еді. «Жеке өзін жауаптысың! Кімге тапсырасың, кімге сенесің, онда менің шаруам жоқ. Саған жүктеймін! Сенен сұраймын! Бір сағатта орындайсың!» деген. Сөйтсе, қырық жеті минут өткенде телефон соғып тұр. «Орындалды» дейді.

– Менің болжамым, – деді Ғалымжан Ахметұлы сөз алып, – «Ансар» облыста бизнесті алғашқылардың бірі болып бастаған фирма. Аты шыққан. Табысты дегендей. Басқаның емес, осы фирма иесінің баласы ұрлануына мән беру керек. Менің ойымша пайда табуды көздеген біреу ма деймін. Фир-

шейінде жол машақаты байқала қоймайтын, Алматыға машинамен қатынағаны жалғыз бұл емес, талай барып-келіп жүр. Осы жолы трасса ашы шекше шұбатылып, таусылмай қойғаны. Құлағында «алып кетіпті» деген Салтанаттың үрейлі үні. «Алып кетіпті! Алып кетіпті! Алып кетіпті!»

адам ақшаны бақыт санауы мүмкін, ал бай адамның бәрі құдай болам демейді. Құдай болам дәйтіндер құдайсыздар ғой.

Жол бойы мазасына ойға берілген Асқар Қызылордаға кіре бере бауыр еті баласының дәл қазір, түн ортасында халі нешік екенін ойлағанда жүрегіне біз сұғып алғандай ауырсынып, өзін-өзі қоярға жер таппады. «Е-е, Алла, сактай гөр Батырханымды! Қылдай қиянатым жоқ еді пенде баласына. Қайтара гөр балапанымды! Бұл әлде сынағың ба? Осыдан ертең таң атсын, мешіттің тағы бір бітпей жатқан бүйірін жамап берермін! Садакам болсын, баламның жолында!» деп жалынып, жалбарынды.

Облыстық Ішкі істер басқармасы осы іс бойынша жедел тергеу тобын құрса, Ұлттық Қауіпсіздік комитеті де жедел іздестіру тобын жасақтады. Ол топтың жетекшілігіне Бауыржан Ахантай тағайындалды. Бұл екі топ бірлесе қимыл жасады. Облыстың, қаланың, аудандардың полиция, МАИ қызметкерлері аяғынан тік тұрды. «Перехват» операциясы жарияланып, қарбалас қимыл басталды. Қала бойынша тексерілмеген жерге, шатыр, қуыс-қолтық қалмаған шығар. Өзге бір жұмыстың желеуімен көтергіш кран арқылы күмәнді пәтерлердің терезелерінен қарауға да тура келген.

Болжамдарға сай мыңдаған адамға сұрау салынды. Сауал көп, мақсат біреу, ол – баланы аман сақтап қалу, қылмыскерді анықтау. Кез келген қылмыс осылай тынбай жасалған тексерістердің арқасында ашылады. Соңына белгі, із тастамайтын қылмыскер болған емес. Бұнда да солай, белгісі – әскери киім. Бірнеше күнді нәтижесіз іздестіруден кейін, айналып келіп мәселе осы белгіге тіреле берді. Кімнің мөлшері де шамамен белгілі. Қаладағы әскери адамдарды астыртын зерттеу басталды.

«Әскери адам мектептен баланы алған соң, барар жеріне немен баруы мүмкін?» деген сауал облыстық жол полициясы басқармасының орынбасары Әмірбек Бердібекұлынан орынбасары (Оның ықтимал мүмкіндігі екеу-ақ, – деп ойлады ол, өз машинасымен немесе таксимен.

– Қалада такси деген миллион емес. Қыркүйектің 23-і күні түстен кейін әскери адам бірінші класта оқитын ұл баламен бірге таксиге отырған. Соны таксистерден сұрастырындар. Бір дерек қалай да шығады, – деді қарамағындағы жол полициясы қызметкерлеріне. Деуін деп алса да көңілін күдік билей берді. Үміт те жоқ емес. «Қылмыскердің ізіне түскен тірліктің бәрі күдік пен үміттің арналысы» деп ойлады ол.

Үшінші күн дегенде жігіттер Расул Яхиев деген таксишіні қалалық бөлімге жеткізді.

– Басынан бастап баянда жаңағы айтқаныңды, – деді бірге келген полиция қызметкері.

– «Жайна» базарының жанында тұр едім... тұрғанда клиент күтесің ғой. Бір әскери адам жақындады. Жас жігіт. «Ақмешіт» шағын ауданына апар деді. Жолшыбай екінші мектепке соғамыз деді. Парктің жанымен өтіп, айтқан мектепке келдік. Ол мектепке кіріп кетті де, сәлден соң бір балақайды ертіп қайтып келді. Сосын Западқа апарып тастадым. Жүз елу теңгесін төлеп түсіп қалды. Екі жүзге баратын жер еді. Нан табыс сол. Ой, менікі маскібіш. Ескі. Бір күн жүрсе, екі күн тұрады, – деп, ол өз мұңын айтып кетті.

– Нешіні үйге апардың?
– Қайдан білем? Мына жер деді, сол жерге түсірдім.

– Көрсете аласың ба?
– Е-е, көрсетпей, неге көрсетпейім? Көрсетем.

Тақшиші Яхиев нұсқаған маңайды полицияның жедел уәкілдері қанша тіміскілессе да, күдік келтірер түк таппады.

Алғашында қайтерін білмей абыржып қалған Асқар үйге оралған соң сабырға келіп, істің ақырын күткен. Ұзаққа кетпес, бір хабарын берер деп дәмеленді. Көп болса, ақша талап етер, ақша талап етсе тәуекел, ұлым аман болса болды, ақша табылар деп өзін-өзі жұбатып қояды.

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ

(Жалғасы бар)

ҚЫЗЫЛОРДАША



КИДНЕПИНГ

Мына қылмыстың да ашылатынына көңілі сенгісі келеді.

Ғалымжан бастықтан шығысымен Бақыт Қайырқешқызы екеуі бөгелмей, тұп-тура №2 мектепке тартты. Хабар мектептен түскен. Бірінші сыныпта оқитын ұл баланы әлдекім алып кетіпті. Сабақ аяқталған соң үйден барған адам таппай қалады. Кім? Қалай? О жағы әлі беймәлім.

Мектеп іші әбігер. Баланы әкетпек боп келген адам сол арада тапжылмай тұр. Мұғалімдер мен мектеп басшылығының үрейі ұшып кеткен.

– Қандай адам алып кетті? Есіңе түсіріп, сипаттап берші, – деді Ғалымжан.

Полиция полковнигіне қараған мұғалима келіншек абдырап қалды.

– Айналайын, сенің кінәң жоқ. Асықпай ойлан. Көз алдыға келтір, – деді Бақыт Қайырқешқызы жылы сөйлеп. – Қылмыскердің ұсталуына сенің дәл сипаттауың аса маңызды.

– Әскери форма киген. Жас жігіт. Қазақ. Орысшасында мүдіріс жоқ...

– Түрі қандай?
– Қараторы. Ұзын бойлы. Қазақ сияқты.

– Шені қандай?
– Шені... шені... о жағын онша айыра алмаймын, шынымды айтсам.

– Поғоныңда қанша жұлдыз бар? Міне мына жұлдыздан кішілеу болу керек.

– Иә, иә кішілеу... екі жұлдызша болды-ау деймін.

– Не деп әкетті баланы?
– Мен баланың әкесі Асқар Қайназаровичтің жеке күзетшісімін деді. Бұл кластың мұғалімі ауырып қалған, мен уақытша сабақ өтіп жатырмын. Балаларды онша танымайтын едім.

– Жеке күзетші?! Баланың әкесі кім еді?
– «Ансар» деген фирманың президенті Асқар Ергалиев. Естулеріңіз бар шығар.

...Сол күні жұмыстан ешкім қайтпады. Кешкілік Тастемір Сауранбайұлы басшылық құраммен өткізген жедел жиналысқа төрт көздері түгел қатысты.

– Кәне кімнің қандай болжамы бар? – деді Тастемір Сауранбайұлы. – Кім болуы мүмкін? Мақсаты қандай? Болжамдарыңды айтыңдар.

ма иесінің қалтасы қалың екені белгілі ғой.

– Бақыт Қайырқешқызы, сіз не дейсіз? – деді басқарма бастығы тергеу жөніндегі орынбасарына бұрылып.

– Енді осыны кім жасауы мүмкін дегенге келсек, кім болса да, қауіп сол фирмаға қатысы бар, отбасын жақсы білетін адамнан келуі мүмкін. Ол адам өзі істемесе де, ақпарат беруі мүмкін. Сондықтан оны танитындарды бір шөлып өтсек. Бұрын сотты болғандарды, ұйымдасқан қылмыстық топтар мен Алматы сияқты үлкен қаланың рәкеттерін де ескерген жөн.

– Әскери форма киетіндерді тексеру керек. Өзі болмаса да біреу формасын пайдалануға берді ғой, – деді криминалды полиция қызметінің бастығы Серікбол Қуатбайұлы.

– Бизнеске байланысы болуы да мүмкін, – деді 9-басқарма бастығы Қанат Әбенов. – «Ансар» үлкен ақша айналымымен жұмыс істейтін фирма. Қаржыға байланысты әріптестер арасында әртүрлі жағдай болуы кәдік.

Жедел өткен жиналыста мың сан болжам жасалды. Оның ішінде сексуалдық жағынан азғындаған адамның ісі мен жасөспірімдердің етін жеу мақсатында ұрлануы мүмкін деген де болжамдар айтылды.

– Бұлар қисынға келе қоймас, өйткені ұрланып отырған бала кез келген адамның емес, белгілі бизнесменнің баласы, әкесі қалталы адам. Дегенмен мүлдем сызып тастауға болмайды. Іске кірісіндер, қылмысты ашу жолындағы кез келген қылмысқа қолдаймын! – деді басқарма бастығы Тастемір Сауранбайұлы.

Іскерлік келісімшарт мәселесі бүгін кешкі кездесуде шешіліп қалар деп дәмеленген-тұғын. Іссапарға келгендегі мақсаты да сол еді. Егер шешілсе...

Қалта телефоны шыр ете қалып, ойын бөліп жіберді.

«Батырханды біреу алып кетіпті!» Салтанаттың үрейге толы дауысы қалтырап естілді.

– Не! Не дейсің?
– Батырхан жоқ. Мұрат үйге алып қайтуға барса, біреу алып кетті дегені. Енді қайттік?!

Сол бойда жолға шығып кетті. Ән-

«Кім алып кеткен? Ұрлап әкеткені ме? Менде кімнің ала алмай жүрген ақысы бар? Кімге не жазып қойдым? Бизнеске де адал сияқты едім ғой. Қай жерден сүріндім?»

Ақыл-санасы астан-кестен. Түсіне алмайды.

«Нәлеттер, ақша талап етпек шығар?» деп ойлады бір мезет.

Кімге бермеді сол ақшаны? Берді ғой. Көмек сұрап келгенді құр қол қайтармауға тырысты. Рас, бейберекет таратқан жоқ. Берсе, ретімен берді. Осы жақында бір апай келген. Әкесіз өскен жалғыз ұлы өз күшімен Мәскеуге оқуға түскен екен, енді Мәскеуге жетуге көк тиын таба алмай қойыпты. Ал баласы болса, лапылдап жанып тұр. Талантты бала көрінеді. Мәскеуді біледі ғой, өзі де сонда оқыды. Өкпенде де ерте айырылған тағдыры да бір екен. Қалай бермейді? Берді. Артығымен берді. Сондағы шеше байғұстың көз жасын айт! Алғысын жаудырып, риза боп аттанды. Мектептерге де көмектескені бар. Біріне жылу жүйесін жүргізіп берді. Тағы бірінің шұрық-тесік шатырын жаңалап жауып берді. Өз ақшасына. Айтбай мешітінің де жылу жүйесін қайта жасаған осы «Ансар» фирмасы. «Ансар» демекші... «Фирманың атын «Ансар» деп бекер қоймап еді ғой. «Сыр бойы» газетінің бір журналисіне сұхбат бергені бар. Сонда ғой әлгі журналистің «Ансар» деп фирма атын неге қойдыңыз, әлденені аңсадыңыз ба?» деп сұрағаны есіңде. «Мұхаммед пайғамбар Меккеден Мәдинаға көшіп барғанда бірінші болып қол ұшын созған, жәрдем берген сол ансарлар, сол араның тұрғындары. Мұхаммедтің идеясын ә дегенде қолдаған, пайғамбарға көмектесіп мұсылманшылықты насихаттаған» деп түсіндірген әлгі тілшіге. Фирмаға ат қою керек болғанда осы атау аузына түсіпті. Осы күнге дейін ат қоюда қателеспегеніне қуанады. Елдің экономикасына қан жүгіртсе, Алланың бір аты – халыққа жәрдемдессе өзінің де ансар болғаны емес пе? Адамға одан артық не қажет? Біреуге шын жүректен көмектесу үшін, ықыластанып беру үшін әуелі өзінде болу керек қой. Иманды адамның санасы байыған сайын кемелдене түседі. Бұл өмірде ең басты құндылық ақша емес, адамгершілік екенін бар болған сайын ұға түседі. Адам баласы өзіне не жетпесе, соны аңсайды емес пе? Бұл да ежелден келе жатқан әдет. Кедей